Рамазан СӘРПЕКОВ,
ҚР Заңнама және құқықтық ақпарат институтының директоры:

«ЗАҢ ҚУАТЫ – ЕЛ МҰРАТЫ»

5-*бет*

ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№27 (3455) 5 сәуір 2022

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

АЛҚАБИЛЕР СОТЫ ТӨРЕЛІКТІҢ ӘДІЛ ӨТУІНЕ ЫҚПАЛЫН ТИГІЗЕДІ

2-*бет*

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АЗАМАТТЫҚ АЛУҒА ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ТҰРҒЫСЫНАН ҚАРАУ КЕРЕК

Қазір әлемде 200-ден астам мемлекет болғанымен, олардың 193-і ғана Біріккен Ұлттар Ұйымы деңгейінде мойындалып, оның мүшесі болып отыр. Әйтсе де, олардың көбі XXI ғасырда жаһандық ықпалдастықтың қарқынды жүріп жатқан үдерісінің нәтижесінде халықаралық қатынаста ғана емес, мемлекеттің өз ішінде де өзгенің тілінде сөйлеп, жазуға мәжбүр болуда.

(Соңы 3-бетте)

ОРЫС ТІЛІ – РЕСМИ ТІЛ ЕМЕС!

4-*бет*

ҰЛТТЫҢ ЖАУҺАРЫ

6-*бет*

АНЫҒЫ МЕН ҚАНЫҒЫ

БІР ЖАҚТЫ КІНӘЛАУ – МӘСЕЛЕНІ ШЕШПЕЙДІ

Ұстаз мәртебесі жөнінде біздің қоғамда аз айтылған жоқ. Бұл тақырып әлі де өзекті. Интернет кеңістігі қолжетімді болғалы мектеп, ұстаз, оқушы мәселелері қоғам назарынан тіпті түскен де емес. Оқушының ұстазға дөрекілігі, ұстаздың оқушыға қиянаты әр кезеңдерде, әр өңірде күнделікті болмаса да, аракідік айтылып қалады.

Мәселен, осыдан біраз уақыт бұрын Талдықорғанда болған оқиға осы тақырыптың маңызын арттырды. Екі тараптың арасындағы сыйластық пен білім саласындағы сапалы жүйе қалыптастырудың өзектілігін көрсетті. Білім министрлігінің осы бағытта ізденуі қажеттігін, ұстаз қадірін арттыру, оқушы мәдениетін нығайту мәселелерін жүйелі дамыту істерін қолға алу қажеттігін тағы бір мәрте нақтылап берді. Оқушы неге мұғалімге балағат сөз айтып, дауыс көтерді? Мұғалім неге бірден құқық қорғау орындарына жүгінді? Ата-ана не үшін 42 мың айыппұл төледі? Бұндай әрекет тараптар жауапкершілігін арттыра ма? Арадағы сыйластықты оралтудың жолдары осы ма? Біздің бүгінгі зерттеу осы сауалдарға жауап іздейді. Нақты мамандар кеңесіне жүгіндік.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Ержан МЫРЗАТАЙ, отбасылық психолог:

«Ашу – бала тәрбиелеудің құралы бола алмайды»

– Балалардың ашушаңдыққа берілуіне қандай факторлар әсер етеді?

– Оған әртүрлі фактор әсер етеді және оның барлығын объективті деп айта аламыз. Ең бірінші себеп – балалар гормондық, психологиялық өзгерістердің әсерінен ашушаңдыққа бейім келеді. Өз-өзін ұстай алмайды, бірде жылап немесе күліп, бір сәтте ренжіп қалуы мүмкін. Екінші – ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас маңызды. Егер бала эмоциясын жасырмай шығара алатын болса, өз ойын еркін айта алып, ата-ана тарапынан да қолдау, мейірімділік сезінсе ашу іште жиналмайды. Сөйтіп, арада түсініспеушілік, қарсылық туындамас еді.

(Соңы 8-бетте)

СҰХБАТ

Дос КӨШІМ, *саясаткер:*

«БҰРЫНҒЫ КАДРЛАРДЫҢ «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ» ҚҰРУҒА АРАЛАСПАҒАНЫ ЖӨН»

– Дос аға, жалпы, «Жаңа Қазақстан» идеясына қалай қарайсыз? Елді дамытуда қандай бағыттар ұсынар едіңіз?

– «Жаңа Қазақстан» бағдарламасына деген пікірім оң. Себебі, 2018 жылы сайлау алдында Брюсселде жиналып «Жаңа Қазақстан» бағдарламасын жасаған болатынбыз. Бүгінде Президентіміз сол кездегі біздің бағдарламаның жобасын пайдаланып жатыр деп ойлаймын. Иә, Қазақстан жаңару керек. Ол үшін менің ойымша, ең басты екі бағыт жеткілікті. Бірінші, әділетті сайлау жүйесін дайындау керек. Одан кейін саяси партияларды тіркеуді жеңілдеткен дұрыс.

Саяси партия құрылып, әділ сайлау өтіп, жаңадан Парламент құрамы жасақталғаннан кейін, сол Парламент «Жаңа Қазақстанға» қажетті заңдардың бәрін өздері дайындау керек. Тек, бүгінгі Парламент емес!

(Соңы 4-бетте)

МІНБЕР

АЛҚАБИЛЕР СОТЫ ТӨРЕЛІКТІҢ ӘДІЛ ӨТУІНЕ ЫҚПАЛЫН ТИГІЗЕДІ

2006 жылғы 16 қаңтардағы «Алқабилер туралы» заң қабылданып, соған сәйкес 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап алқабилер соты қолданысқа енгізілді. Ол кезде алқабилер қатысатын сот құрамы облыстық және оған теңестірілген соттарда әрекет етті және аталған санаттағы істерді қарауға екі судья мен тоғыз алқабидің қатысуы тиіс болатын.

Дүниежүзіндегі (АҚШ, Ресей және т.б.) сот алқабилерінің классикалық моделіне сәйкес, алқабилер соты бір судья және он екі алқабиден құралады. Қазақстанда 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттарда және қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттарда алқабилердің қатысуымен сот бір судьяның және он алқабидің құрамында әрекет етеді.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауында да алқабилер сотына баса мән беріп: «Қазақстанда алқабилер тек аса ауыр қылмыстар бойынша үкім шығара алады. Біз бұл саланы одан әрі дамытып, алқабилердің қарауына берілетін істер санатын кеңейтеміз. Бұл жаңашылдық сот жүйесін демократияландыруға және қоғамның сенімін арттыруға мүмкіндік береді» деді.

Судья сотталушыларды, соның ішінде өздеріне істі алқабилердің қатысуымен қарау құқығы тиесілі емес сотталушыларды және олардың қорғаушыларын міндетті түрде қатыстыра отырып алдын ала тыңдауды жеке-дара өткізеді. Егер сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде істі алқабилердің қатысуымен қарау туралы өтінішхат мәлімделмесе, судья сотталушыға оның осы сот отырысында тікелей мәлімделуі мүмкін екенін түсіндіреді. Сотталушының ауызша өтінішхаты сот отырысының хаттамасына енгізіледі, жазбаша өтінішхат іске қоса тігіледі. Сотталушының істі алқабилердің қатысуымен қарау туралы өз өтінішхатынан бас тартуы, сондай-ақ оның осындай өтінішхатты мәлімдегісі келмейтіні сот отырысының хаттамасында, не іске қоса тігілетін сотталушының жазбаша өтінішхатында көрсетіледі.

Егер сотталушы өз ісін алқабилер қатысатын сотқа қарату туралы өтінішхатын растаса, судья оны қанағаттандыру туралы шешім қабылдайды. Бұл ретте басқа сотталушылардың пікірі ескерілмейді және мемлекеттік айыптаушы, жәбірленуші, сотталушы және оның қорғаушысы мәлімдеген басқа өтінішхаттарды қарауға көшеді. Судьяның істі алқабилер қатысатын соттың қарауы туралы мәселе жөніндегі қаулысы түпкілікті болып табылады. Одан әрі қаулы сотталушы ұстанымының өзгеруіне орай қайта қаралмайды.

Сотталушы істі алқабидің қатысуымен қарау туралы өтінішхат мәлімдесе немесе бұрын мәлімделген өтінішхатты растаса, судья сот отырысын тағайындау туралы қаулыда істі алқабилер қарайтынын көрсетеді және сот отырысына шақырылатын алқабиге кандидаттар санын айқындайды, олардың саны жиырма бестен кем болмауы тиіс.

Судья істі алқабилер қатысатын соттың қарауына тағайындау туралы қаулы шығарылғаннан кейін сот отырысының хатшысына алқабиге кандидаттарды іріктеу үшін олардың сот отырысына келуін қамтамасыз ету туралы өкім береді. Хабарлама алған азаматтар алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысу үшін сотқа келуге міндетті. Кандидаттар ішінен алқабилерді іріктеу Қылмыстық-процестік кодекстің 639-бабының талаптары орындалғаннан кейін, төрағалық етушінің алқабиге кандидаттарды істі қарауға қатысудан босатуы, өздігінен бас тарту туралы, қарсылық білдіру туралы мәселелерді шешу, алқабиге кандидаттарға уәжсіз қарсылық білдіру арқылы жүзеге асырылады.

Сотқа шақырылған алқабиге кандидаттар саны жиырма бестен кем болса, не олардың кейбірін сот талқылауына қатысудан босатқаннан кейін немесе төрағалық етуші судья өздігінен бас тартулар мен қарсылық білдірулерді қанағаттандырғаннан кейін олар он жетіден азайып қалса, төрағалық етуші сот отырысының хатшысына алқабиге кандидаттар құрамының жетіспейтін санын бірыңғай және қосалқы тізімнен толықтыру туралы өкім береді. Бұл жағдайда сот отырысында алқабиге бірыңғай және қосалқы кандидаттарды шақыру үшін үзіліс жарияланады. Жалпы тәртіп осындай.

Қылмыстық процестік кодекстің 631-бабының талабына сәйкес,

1) төтенше ахуал жағдайларында және жаппай тәртіпсіздіктер барысында жасалған адам өлтіру;

2) бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы, конституциялық құрылыстың негіздеріне және мемлекеттің қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар;

3) террористік және экстремистік қылмыстар;

4) соғыс уақытында немесе ұрыс жағдайында жасалған әскери қылмыстар;

5) қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыстар туралы істерді қоспағанда, аса ауыр қылмыстар туралы істерді алқабилердің қатысуымен қарайды. Қылмыстық кодекстің 125 (үшінші бөлігінің 1)-тармағында), 128 (төртінші бөлігінің 1) тармағында), 132 (бесінші бөлігінде), 135 (төртінші бөлігінің 1) тармағында), 160, 163, 164 (екінші бөлігінде), 168, 380-1 (екінші бөлігінің 6) тармағында)-баптарында көзделген қылмыстарды да сот алқабилердің қатысуымен қарайды.

Алқабилер сотының ерекшелігі – сот төрелігін жүзеге асыруға кәсіби судьямен бірге арнайы құқықтық білімі жоқ, заңда белгіленген шектеулерден өтіп, арнайы таңдап алынған қоғам өкілдерінің қатысуынан көрінеді. Алқабилер қатысқан сот процестері, қаралған істер, тәжірибе көрсеткендей өте жоғары деңгейде өтеді. Өйткені, алқаби құрамындағы адамдардың көзін жеткізу үшін мемлекеттік айыптаушы мен қорғаушының уәжі мен дәлелі өте сауатты әрі нанымды болуы қажет.

Алқабилер – қарапайым халықтың өкілі. Халық атынан сотқа қатысып отырғандықтан олардың жауапкершілігі аса жоғары болуы шарт. Алқабилер соты төреліктің әділ өтуіне ықпалын тигізеді, бұл жүйе халықаралық стандарттарға жақын. Сотқа қатысушы тұлғалар құқықтық жағынан барынша қорғалады, сотқа деген қоғамның күмәнді көзқарасы өзгереді. Сонымен қатар, бұл жүйе сот жүйесін одан әрі жетілдіре түседі. Алқабилер институтының қажеттілігі жылдар өткен сайын айқындала беретіні сөзсіз.

А.САБЫРОВ,
Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ

ҮШ БУЫНДЫ МОДЕЛЬДІҢ ТИІМДІЛІГІ МОЛ

Сот реформасының ішінде қылмыстық іс жүргізу жүйесін жетілдіруге ерекше мән беріледі. Қылмыстық процесті реформалау және құқық қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру мәселесі қылмыстық құқық саласының серпінді дамуына жол ашады. Себебі, қылмыстық заңнамада адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау ең басты мәселе. Соңғы жылдары қылмыстық заңнаманы кезең-кезеңімен ізгілендіру арқылы азаматтардың бостандықтары мен заңды құқықтарын қорғауға, ұйымдар мен мекемелердің заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, ҚР Конституциялық құрылысы мен аумағының тұтастығын сақтауға басымдық берілді. Сондай-ақ, ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында рақымшылық жасалынып, қаншама адам қылмыстық жауапкершілік пен жазадан босатылуда.

Заңның үстемдігін қамтамасыз ету ешқашан өз маңыздылығын жойған емес. Бұған дейін қылмыстық құдалау жүйесін жаңғыртудың базалық бағыттары жетілдірілді, қылмыстық процесті жеңілдететін бұйрықтық өндіріс, электрондық қылмыстық іс секілді жаңашылдықтар өз тиімділігін дәлелдеді. Соңғы жылдары сот талқылауын жан-жақты жүргізіп, дұрыс сараптама жасау нәтижесінде ақтау үкімдерінің қатары артып отыр. Сотталушының жәбірленушілермен татуласуына байланысты өндірістен қысқартылған істер саны да аз емес.

Ендігі жерде Мемлекет басшысы үш буынды модель құру туралы бастама көтерді. Жыл басында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау органдары, прокуратура және сот арасында өкілеттіктердің және жауапкершілік аясының аражігін ажырата отырып, үш буынды модельді ендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қолданысқа енгізіліп, Қылмыстық-процестік кодекске, Қылмыстық кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Үш буынды модель қылмысты тез ашу, қылмыс жасаған адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тарту және әділ сот талқысын жүргізу, азаматтардың

құқықтарын қорғау бойынша кепілдікті арттыру мақсатын көздейді. Өзгерістер алқабилермен қаралатын істердің аясын кеңейту, қылмыстық процесте прокурор мен сот арасындағы өзара іс-қимыл, негізгі басымдықтар, істі электронды форматта қарау мәселелерін қамтиды. Жаңа модель – азаматтар құқығының дер кезінде қорғалуын қамтамасыз етеді және жоғары халықаралық стандарттарға жауап береді.

Үш буынды модель барлық елдерде дерлік қолданылады. Бұл модельде қылмыстық процеске үш буын жауап береді: полиция, прокуратура және сот. Бұл құрылымдар арасындағы өкілеттіктер де нақты анықталды. Полиция – қылмыстарды анықтаумен, ашумен және дәлелдер жинаумен айналысады. Содан кейін қылмыстық іс прокурорға жолданады. Дәлелдемелер базасын, күдікті адамға қатысты қылмыстық заңның тиісті баптарының дұрыс қолданылуын тексеру, яғни қылмыстық істі объективті түрде қарап, айыптау актісін түзіп, оны сотқа жолдау, содан кейін күдікті адамның кінәлілігі жөніндегі дәлелдемелерді сотқа тарту прокурорға міндеттелген. Ал іс бойынша түпкілікті шешім шығару, бұрынғыдай соттың құзыретінде. Бұл азаматтардың құқықтарын сақтаудың өзіндік фильтрі және заңды кепілдіктері. Әр орган нақты бір қылмысты ашуда, күдікті адамды анықтауда және оның кінәсін дәлелдеуде өздеріне жүктелген процестік міндеттерін, іске қатысы бар адамдардың конституциялық құқықтарын сақтай отырып, заңда бекітілген тәртіпте әділ және заңды атқарған жағдайда, қылмыс дер кезінде ашылып, аз уақыт ішінде қылмыстық іс сотқа жолданып, кінәлі адам тиісті жазасын алады де күтілуде.

Үш буынды модель – полиция, прокуратура мен соттың алдына қойылған жаңа талап. Айта кетерлігі Президент биылғы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауында азаматтардың іргелі құқығын қорғау мәселесіне тағы да айрықша мән беріп, қылмыстық процестегі үдерістерді атап өтті. Оның ішінде өлім жазасына тыйым салу туралы шешімді біржола бекіту үшін Конституцияға тиісті өзгеріс енгізу қажеттігін айтты. Азаптауға байланысты қылмыстарды тергеу ісінде жүйелі ұстаным болуы керектігін және осы мәселеге жауапты нақты бір органның жоқтығын сынады. Сонымен бірге, қоғамдағы зорлық-зомбылық деңгейін төмендету үшін жүйелі шаралар қабылдау керектігін де ескерді. Алдағы уақытта әйелдерге және балаларға зорлық-зомбылық көрсету қылмыс санатына жатқызылып, ондайларға тағайындалатын жаза да қатайтылуы мүмкін.

Құқық қорғау мәселелері үнемі жетілдіріліп отыруды қажет етеді. Біздің қоғамда бұл салаға бір сәт те назар аударылмай қалған емес. Алдағы уақытта Жаңа Қазақстанды құруда сот-құқық саласында атқарылып келген айтулы реформалар жаңа серпінмен іске асырылмақ.

Ержан ҚАРАБАЕВ,
Маңғыстау облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы төрағасының м.а.

ЖАҢА ЗАҢ

ХАТТАМА ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗ МҮМКІНДІГІН САЛМАҚТАУЫНА КӨМЕКТЕСЕДІ

Жаңа заңдардың өмірге келуіне түрткі болатын да – қоғам, қолданыстағы заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуіне себепші болатын да – қоғам. Себебі, заңдар қоғамның қажеттілігіне орай, заманның алға жылжуына байланысты қабылданады. Сондай маңызды құжаттың бірі – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы. Жаңа заңның қолданысқа енгізілуімен көптеген құжатқа өзгерістер жасалды.

Бұл заңның артықшылығы ең алдымен дауларды сотқа дейін және соттан тыс реттеуді дамытуында. Екінші басымдығы азаматтық іс жүргізу заңнамасын одан әрі жетілдіруінен көрінеді. Жалпы, елдегі даукестікті төмендетудің, дауларды мейлінше ортақ мәмілемен шешудің, тараптарды татуластырудың заңды тетіктерін жетілдіру бағытындағы жұмыс бір сәт те тоқтаған емес. Мұндай пәрменді шаралар 2011 жылы «Медиация туралы» заң қабылданғаннан бері жалғасып келеді. Соның арқасында бұл бағыттағы жұмыс оң нәтижесін беріп, дауды өзара келісіммен шешетіндер қатары айтарлықтай артты.

Жаңа өзгерістерге сәйкес, «Медиация туралы» заң 8-1-баппен толықтырылып, уәкілетті органның құзыреті айқындалды. Сонымен қатар, заңда медиаторлардың құқықтары мен міндеттері нақтыланды. Бұрын тараптарды бітімге келтіріп, партисипативтік келісім жасауға, судья-медиаторлардың қатысуымен істі шешуге болса, енді онлайн-медиативтік келісім жүргізуге жол ашылды. Бұл бүгінгідей уақыттың бағасы артқан заманда тараптар үшін ең тиімді мүмкіндік. Аталған заңның 17-бабына сәйкес, медиация тараптар мен медиатордың өзара келісуі бойынша, тараптардың медиатормен жеке-дара және бірлескен кездесулері арқылы, сондай-ақ телефонмен сөйлесу кезінде де жүргізілетін болды. Осыдан көріп тұрғанымыздай, жаңа құжат дауласқан екі жақты келісімге келтірудің тәсілдерін кеңейтті. Әсіресе, тараптардың медиатормен бейнеконференц байланыс арқылы, электрондық хабарлар алмасу арқылы, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып келісімге келуі бұрын қарастырылмағаны белгілі. Әлемді әбігерге салған пандемия барлық саланың жұмысын өзгеше үйлестіруге ықпал етті. Карантин талаптарының жаңа заңдарды дайындау кезінде де қаперде ұсталғанын осы құжаттан бағамдау қиын емес.

Азаматтық процестік кодексіне енгізілген өзгерістердің ішінде «Сотқа дейінгі хаттама» институтының шоқтығы бөлек. Хаттама – тараптар арасындағы дауды соттан тыс шешудің жаңа мүмкіндігі. Жаңа институтты қолданудың тәртібі Азаматтық процестік кодекстің 73-бабының 1-бөлігінде көрсетілген. Осы жаңашылдықты пайдалана отырып сотқа дейінгі хаттама тараптарға талап қою өндіріске қабылданғанға дейін екінші тараптың ұсынған дәлелдемелерін білуге, өзара алмасуға және туындаған дауды бітімгершілік жолмен шешуге жол ашады. Азаматтар хаттамада сотта қойылатын талаптарының немесе қарсылықтарының негізіне сілтеме жасайды. Сотқа арыз келіп түскен соң сот тараптарды заң нормаларына сәйкес татуластыру рәсіміне қатысу үшін шақырады және сотқа дейінгі хаттаманың үлгісін қоса жолдайды. Судья дауды бейбіт жолмен шешудің баламалы тәсілдерінің мүмкіндіктері мен тиімді тұстарын түсіндіреді. Егер тараптар дауды сотқа дейінгі хаттамасыз ортақ мәмілеге келіп аяқтаймыз деп шешсе, сот 10 күн ішінде істі қарауға тағайындайды. Ал дауды сотқа дейін хаттама толтырып, бітіммен аяқтайтын болса, сот 15 күннен кешіктірмей азаматтық істі қарауды тағайындайды.

Сотқа дейінгі хаттама – тараптардың өз мүмкіндігін салмақтауына, қарсыласының дәлел-дәйегін білуге, соған орай әрекет жасауына көмектеседі. Мұның уақыт жағынан да ұтымдылығы бар. Жоғарыдағы артықшылықтар жаңа заңнаманың халық қажеттілігі, ел дамуы үшін жасалғанын айғақтаса керек.

Самат ЖЕЛДЕРБАЕВ,
Қармақшы аудандық сотының судьясы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АЗАМАТТЫҚ АЛУҒА ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ТҰРҒЫСЫНАН ҚАРАУ КЕРЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл жағдайдан КСРО-дан бөлініп шыққанына 30 жылдан асып, мемлекет құрушы титулды ұлттың үлесі халықтың 70 пайызынан асса да әлі күнге дейін мемлекеттік тілін ресми қарым-қатынас тіліне айналдыра алмай жүрген Қазақстан да күні бүгінге дейін сырт қала алмады. Сондықтан «халық үніне құлақ асатын мемлекет құру идеясын» көтерген Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» деп аталатын биылғы жолдауынан үміт күткендер көп болды. Одан қазақ тілінің мәртебесін көтеруге қатысты ештеңе ести алмаған соң, «Жаңа Қазақстанда» қазақ тілі тағы да төрге шыға алмай, босағада қалып қоя ма деген қауіп әлі де бар. Олар Ресейдің «орыстар мен орыс тілділердің құқын қорғау» деген желеумен Украина аумағына әскер кіргізгенінен кейін елдегі ұлттық қауіпсіздіктің қорғалуына өз алаңдаушылығын білдіруде. Әлем елдерінің Ресейге салып жатқан санкцияларынан қашып, Қазақстанға ағылған ресейліктер санының күн өткен сайын ұлғаюы да оған өз әсерін тигізіп отыр. Әлеуметтік желіде ғана емес, интернет сайттарында да оған қатысты алыпқашты әңгіменің көбейгеніне қарамастан, Ұлттық статистика бюросы әзірге бұл туралы ресми деректерді жариялауға асықпай отыр. Сол себепті, бірі соғыстан, екіншісі санкциядан қашып Қазақстанға бас сауғалаушылардың уақыт өте келе азаматтық алуға өтініш бере бастауы да мүмкін екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Өйткені, қолданыстағы «ҚР Азаматтығы туралы» заң мен өзге де заңнамалық құжаттарда көңілге күдік ұялататын нәрсе аз емес. Оған электронды үкімет порталындағы мәліметтер де негіз бола алады. Мәселен, онда азаматтықты алудың жеңілдетілген тәртібі арқылы Қазақстан азаматтығын тұрақты тұру мақсатында келген және жақын туыстарының біреуі Қазақстан азаматтары болып табылатын бұрынғы одақтас республикалардың азаматтары олардың ҚР-ның азаматтарымен туыстық деңгейін куәландыратын құжаттарды (туу туралы куәлік, неке туралы куәлік және т.б.) ұсыну арқылы ала алатыны көрсетілген. Атап айтқанда, ҚР Президентінің 2005 жылғы 6 маусымдағы № 1587 Жарлығымен бекітілген ҚР-ның азаматтығына қабылдаудың оңайлатылған тәртібі белгіленетін адамдар үшін кәсіптердің тізбесі және оларға қойылатын талаптарға сай келетін адамдар және олардың отбасы мүшелері шет елдердегі мекемелер арқылы ҚР-ның азаматтығына қабылдау немесе ҚР-ның азаматтығын қалпына келтіру туралы өтінішіне қоса елдің құзыретті органдарымен ресімделген құжаттар тізімі де бар. Олар: нысан бойынша сауалнама-өтініш; өмірбаян (өз қолымен жазылған); 3,5 х 4,5 көлемінде фотосурет; өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; ҚР-нан тыс жерде тұрақты тұруын растайтын құжат; апостильденген немесе заңдастырылған сотталғандығы болуы туралы анықтама; тиісті мемлекеттің құзыретті органы берген басқа мемлекеттің азаматтығының жоқтығы немесе тоқтатылғандығы туралы анықтама; балаларының туу туралы және неке қию туралы куәліктерінің көшірмелері (бар болған жағдайда); нысан бойынша көзделген шарттарды сақтау туралы өтініш-келісім; консулдық алымның төленгені туралы құжат. Осы арада ҚР азаматтығына қабылдаудың қарапайым тәртібіне құқығы бар 40 кәсіп иелері туралы да айта кеткен артық болмас. Олардың ішінде: әртіс; археолог; мұғалім; жоғары оқу орындарының оқытушысы; дәрігер; сәулетші; суретші; құтқарушы; балетмейстер; режиссер; биолог; химик; математик; геолог; дирижер; инженер; нұсқаушы-спортшы; жаттықтырушы; ұшқыш; бизнес-талдаушы; білім беру технологиялары, инженерия, жобалық басқару, аграрлық ғылымдар, медицина, биотехнологиялар, ақпараттық технологиялар, қаржы және экономика, физика және астрономия салаларындағы ғылыми қызметкерлер; денсаулық сақтау саласы маманы; ақпараттық технологиялар саласындағы жобалық менеджер, дизайнер; робот техникасы жөніндегі маман; ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі маман мен аудитор; ақпаратты қорғау жөніндегі инженер; биоақпарат, молекулярлы биотехнология мен биоинженерия саласындағы маман (генетика, цитология, жануарлар мен өсімдіктердің селекциясы); агроөнеркәсіптік кешенді модельдеу жүйелерін мониторингтеу және цифрландыру саласындағы маман; автоматтандыру және басқару саласындағы маман; ауыл шаруашылығы машинасын жасау, техниканы GPS көмегімен басқару саласындағы мамандардың барын айта кеткен жөн шығар. Сондықтан бұл мәселеге немқұрайды қарауға болмайды. Оған ұлттық қауіпсіздікті қорғау тұрғысынан қайта көңіл аударып, заңнамаға жаңа өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігін сарапшылар да айтуда.

– Көптеген елдерде азаматтық алу үшін шетелдіктердің мемлекеттік тілді білуі нақты қарастырылған. Тіпті, Ресей азаматтық алу тұрмақ, жұмыс істеймін деп келген шетелдік тұлғаларды орыс тілі бойынша емтихан тапсыруға міндеттеп қойды. Ол 2014 жылдың ақпан айындағы еңбек қарым-қатынастарына байланысты заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бойынша жүзеге асуда.

Жалпы, елімізге келген ресейліктер болсын, басқа болсын өз тілінде сөйлеп, біздің тіліміздің қолданылу дәрежесін түсіруге әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қолданыстағы «ҚР Азаматтығы туралы» заңға міндетті түрде түзету енгізілуі қажет. ҚР азаматтығына қабылдаудың қарапайым тәртібіне құқығы бар 40 кәсіп иелерінен де мемлекеттік тілді меңгеруін талап етуіміз қажет. Бұл норма да міндетті түрде бізге керек деп ойлаймын, – дейді Халықаралық құқық қорғау орталығының басшысы Жанділдә Жақыпов.

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев бір сөзінде «қазақ тілін дамыту дегеніміз, жалпы гуманитарлық тұрғыдан қуатты қаруды шыңдау деген сөз, қоршаған ортаны парықтап бағалаудың бір құралын жетілдіру деген сөз» деп еді. Өкінішке қарай, осы уақытқа дейін азаматтық пен тіл туралы заңдардағы олқылықты пайдаланып, Қазақстанға қажет маман деген желеумен біз жоғарыда атап өткен 40 түрлі кәсіп иелеріне ҚР Азаматтығын еш қиындықсыз алып келді. Кейбіреуі республикада тұрып, қызмет еткен кезеңде де мемлекеттік тілді меңгеруге мән берген жоқ. Тіпті, Қазақстан азаматымен некелесіп, азаматтық алғандар арасында да әлі күнге дейін өз ойын ауызекі тілде жеткізе алмайтындары жетіп артылады. Бұған «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» дегенмен, нақты өмірде қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге жеткілікті деңгейде мән бере алмай отырған Қазақстанның атқарушы, заң шығарушы және сот билігінің де қатысы бар. Ал олар өз кінәсін мойындап, кемшілікті түзетуі үшін әлі қанша жыл керектігін әзірге ешкім айта да, болжай да алмайды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

БАҒДАР

2021 жылғы 6 шілдеде «Аудиторлық қызмет туралы» заңға енгізілген түзетулер күшіне енген еді. Алайда бір жылға жетер-жетпес уақытта оның саланы дамытудың орнына тәуелсіз аудиторлық қызметтің болашағына төндіретін қаупі байқалып отыр. Оны «Аудиторлар алқасы» КАҰ мен Қазақстанның аудиторлық ұйымдары мен аудиторлар институты басшылары арнайы ұйымдастырған баспасөз мәслихатында жариялады.

АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ 76% ӨЗ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУЫ МҮМКІН

– Түзетуді әзірлеушілер дамып келе жатқан бәсекелестік ортаны және аудит саласындағы кәсіби бірлестіктердің болуын елемей отыр. Алдын ала бағалаулар бойынша аудиторлық ұйымдардың 76% өз қызметін тоқтатады, ал қалғандары «алым» төлейтін болады. Осылайша, мұндай органды құрудан пайданы шенеуніктермен үлестес және «үлкен төрттіктің» аудиторлық ұйымдары мен фирмалары алатын болады. Нәтижесінде, аудитті жүргізуге рұқсат алғаннан бастап оны жүргізуге дейінге кезеңде аудит шенеуніктердің толық бақылауында болады, – деді Аудиторлар алқасының басқарма төрағасы Данияр Нұрсейітов.

Жалпы, бұл заңға бастамашы болған Парламент депутаттары мен Қаржы министрлігі болатын. Ондағы негізгі идея – «Аудиторлық қызмет бойынша кәсіби кеңес» құру болатын. Бұл органға тек мемлекеттік функциялар ғана емес, сонымен қатар сапаны бақылау және аудиторларды аттестаттау жөніндегі кәсіби бірлестіктердің функциялары берілген. Оны қаржыландыру аудиторлық ұйымдарға – кәсіпкерлік субъектілеріне жүктелген. Ал қаржыландырудың жалпы сомасы – жылына 150 млн теңге (бұл ҚР ҚМ ресми сомасы). Қаржы министрі басқаратын басқарма тағайындайтын бақылаушының жалақысы – айына 1 млн теңге, ассистенттің жалақысы – 500 мың теңге. Мамандардың айтуынша, олардың көпшілігі аудиторлық қызмет туралы заңға енгізілген өзгерістер нәтижесінде нарықтан кетуге мәжбүр болады. Ал тәуелсіз аудиторлардың кетуі Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын төмендетері анық. Баспасөз мәслихатын ұйымдастырушылардың сөзіне қарағанда, аудиторлардың басым көпшілігі өзгерісті қолдамады. Тәуелсіз зерттеу нәтижелері бойынша аудиторлық ұйымдар басшыларының 80 пайызға жуығы кәсіби кеңес құруға қарсы және өзін-өзі реттеушілікке көшуді жақтап отыр.

Кәсіби кеңестің функцияларын ескере отырып, аудиторлық ұйымдарға қатысты бақылау және реттеу функцияларының жалпы саны 18-ден 30-ға дейін артты. Орган басқармасы негізінен мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдар қызметкерлерінің қатарынан қалыптастырылады, ал органның өзі ҚР Бюджет кодексіне сәйкес квазимемлекеттік ұйым болып табылады.

2020 жылы аудит нарығының жалпы көлемі 23 млрд теңгені құраған. Бүгінгі таңда Қазақстанда 484 аудиторлық ұйым және 1869 аудитор бар.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

БАСТАМА

ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДАН ТҮСКЕН ТАБЫС ҚАЛАЙ БӨЛІНЕДІ?

«Қазақстанның халық конгресі» жалпыұлттық қоғамдық қозғалысы саясат сахнасында қайта бой көтерді. 1991 жылы пайда болып, Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясының жобасын қалыптастыруға белсене қатысқан қозғалыс басшылары бүгін өздерінің бағдарламалық міндеттерін жүзеге асырудың нақты бес қадамын еліміздегі барлық қоғамдық бірлестіктері мен саяси партиялардың және бүкіл Қазақстан азаматтарын қолдауға шақырды.

Ол: ҚР Конституциясының 6-бабына «Жер және оның қойнауы халықтың басты меншігі болады. Бұл меншік әрқашан халыққа ғана тиісті болады» деген өзгерісті енгізу. Елімізде өндіріліп жатқан мұнай, көмір, түсті және сирек металдардың т.б. байлықтарымыздың пайдасынан әрбір қазақстандық азаматтың дербес шотына еншісін беріп отыру. Әрбір кәмелетке толған қазақстандық азаматты мемлекет есебінен кепілді баспанамен қамтамасыз ету. ҚР барлық азаматтарына мектепке дейінгі, орта арнаулы кәсіби және жоғары білім алуды ақысыз ету туралы өзгерістерді ел Конституциясына енгізу. Ауылшаруашылығы өндірісімен айналысу туралы шешкен әрбір қазақстандыққа жеке меншігіне тегін жер беру.

Белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, экономика ғылымдарының докторы Омархан Өксікбаевтың айтуынша, бұлар «Қазақстан халық конгресінің» алғашқы бағдарламалық міндеттеріне жатады. Олар 1994 жылы Ата Заңның бабын материалдандырудың егжей-тегжейлі бағдарламасын ұсынды. Сол Олжас Сүлейменов: «Мемлекеттік банк республиканың әрбір азаматының атына дербес шот ашады. Оған мұнайдың әрбір тоннасынан бір тамшы түседі. Елде өндірілетін көмірдің, түрлі-түсті, қара және сирек металдардың әр тоннасынан үгінді түседі, сонда ғана кедей ұрпақ болмайды. Кейбір Араб Әмірліктерінің тәжірибесін зерттеу керек, ал біздің математиктер бұл халықтық байлықтарды халық пен мемлекеттің игілігі үшін бөлудің тамаша жүйесін жасайды» деген болатын.

Қозғалыстың баспасөз қызметінің хабарламасына қарағанда, олар өз ұсыныстарын Президенттің 2022 жылғы 16 наурыздағы жолдауын іске асыру шеңберінде Конституцияға өзгерістер енгізу жөніндегі жұмыс тобының қарауына жібермек.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

СҰХБАТ

Дос КӨШІМ, *саясаткер:*

«БҰРЫНҒЫ КАДРЛАРДЫҢ «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ» ҚҰРУҒА АРАЛАСПАҒАНЫ ЖӨН»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әрине, егер мүмкіндік болса, люстрация заңын қабылдау орынды. Люстрация заңы бойынша бұрынғы жүйеде, билікте, болған адамдар жаңа қоғамда қызметке келмеуі керек. Қысқасы, бұрынғы қызметкерлердің бір де біреуі «Жаңа Қазақстанда» жауапты қызметке араласпағаны жөн.

– Бүгінгі халықаралық қатынастардағы Қазақстанның рөлі қандай? Мысалы, кешегі РФ мен Украина соғысына қатысты дауыс беру кезінде Қазақстанның қалыс қалғанына қандай баға берер едіңіз?

– Сыртқы саясатта Қазақстан әлі де болса Ресейдің саясатын ұстанып отыр деп айта аламын. Бұл өкінішті, себебі, соңғы БҰҰ-ның сұрағына, сұрағы да емес, шешіміне соғыс тоқтатылуы керек деген пікірге Қазақстан қосылмай отыр. Демек, Украинадағы соғыс тоқтатылмауы керек деген ұстанымда. Өте ыңғайсыз жағдай. Мысалы Молдова, Грузия да Ресейге тікелей сын айтып жатқан жоқ. Өйткені, олардың арасында экономикалық байланыс бар. Себебі, ертең шығарған шараптарын алмай қояды деп отырған шығар. Қазақстанда да сол мәселе бар. Біздің ертеңгі күніміз не болады деген алаң баяғы мәселені экономикамен байланыстырып қойғаннан кейін жан-жағымызға жалтақтап отырған жайымыз бар. Халықтың пікірі бір бөлек, билік бейтараптық танытуда. Ал мұндай жағдайда ешкім бейтарап қалмауы керек, бұл жерде не агрессорды жақтайсың, себебі, сенің үндемегенің агрессорды қолдағаның болып табылады, не болмаса Украинаның жағдайын түсіне отырып, өз пікіріңді ашық айтуың керек. Біз соның екеуіне де бара алмай отырмыз.

– Қазақстан тәуелсіз ел ретінде әлемдік мәселелерді шешуге үн қоса ала ма?

– Біз Ресейдің етегінен ұстап тұрмыз, сондықтан жеке тәуелсіз мемлекет есебінде өзіміздің саяси ұстанымымыз өте нашар. Көп векторлық деген осы ғой, қайсысы ыңғайлы болса соған дегендей... Бірақ шешуші кезең туған уақытта жаңағы Украинадағы жағдайда, біз тек қана Ресей жағында боламыз.

Өзіндік ұстаным дегенде, кезінде Назарбаев атом бомбасын тоқтату керек деген ой көтерді, ол әбден айтылып болған жағдай, бірақ одан еліміз халықаралық бедел алды деп айта алмаймын. Сондықтан біз әлемдік мәселелерді шешуде үн қосу ғана емес, өз ұстанымымызды мойындата білгеніміз маңызды. Сол ұстанымнан кейін ғана бізді тәуелсіз ел ретінде мойындайды. Қазақстанның рөлі сонда ғана көрінеді. Бізде әзірше Ресей мәселесіне қатысты нақты ұстаным жоқ.

– Бүгінгі «Жаңа Қазақстанды» айтар алдында ешкім де қаңтар оқиғасынан аттап өте алмайды. Танымал қоғам қайраткері, белсенді саясаткер ретінде «Қаңтар қасіретіне» қандай баға берер едіңіз?

– Қаңтар қасіретіне баспасөз беттерінде, әлеуметтік желілерде бірнеше рет пікірімді білдірдім. Тек менің бағам биліктің бағасымен үйлеспейді. Президенттің соңғы жолдауында екі мәселе айтылды. Біріншіден, оқиғаға сырттан арнайы дайындықтан өткен террористер келді деп отыр ғой. Әрине, ұйымдасқан топ келген шығар, оның біразы қақтығыста қырылып, біразы ұсталған да болар. Бірақ бұл дәлелсіз қалып отыр. Себебі екі айдан бері не алаңда қырылғандардың мәйітін, не қолға түскендерін, қай елден келгенін, қандай лагерьлерде дайындалғанын көрсете алмады. Бір ғана қырғыз азаматын көрсеткен, оның өзі ел аралап жүрген атақты пианист болып шықты. Қысқасы, бұл ақпарат өтірік. Мүмкін Қ.Тоқаевқа жалған ақпарат берілген шығар.

Екінші мәселе, сарай төңкерісі. Біздің күштік құрылымдар, біздегі танымал адамдар төңкеріс жасағысы келді деді. Бұл да ақылға қонымсыз сияқты. Себебі, қолында барлық техникалық мүмкіндігі бар күштік құрылым, бір ғана террористік әрекетімен мақсатына қол жеткізер еді. Ол үшін қарапайым халықты араластырып орта ғасырдағы сияқты француз революциясын жасамас еді. Бұл халықтың отыз жылдан бері жиналған ашу-ызасы, реніші екенін Президентіміз ашық айтқан жоқ. Бәрін бүлдіріп отырған генералдар, (экс-президенттің) ескі биліктің адамдары дегенді жеткізді. Өз басым бұл екі мәселемен де келіспеймін. Әрине, бүгін халық «Жаңа Қазақстан» бағдарламасына үлкен үмітпен қарап отыр.

– Осы Қаңтар қасіретін Желтоқсан оқиғасымен байланыстыра аламыз ба? Екеуі де осылай «оқиға» күйінде қала ма?

– Екеуінің арасында байланыс та бар. Бұл жерде тереңірек талдаулар керек шығар. Ол біріншіден халық наразылығының сол алаңда болғаны, екіншіден, тағы да, тәртіп сақшылары мен халық арасындағы қақтығыс, жастарды қаралау, адам өлімі, бәрін байланыстыруға болады. Менің ойымша ең негізгі ұқсастығы, екі жағдайдың да шындығының ашылмауы. Шынайы ғылыми зерттеудің жоқтығы.

– Соңғы болып жатқан пандемия, қақтығыс, соғыс – бейбіт өмірдің қадірін адамдарға ұғындыра алды ма?

– Менің ойымша, егер тарих адамдарға ой салып, пікірін өзгертіп, содан нәтиже шығартатын болса, біз қателікті қайта-қайта қайталамас едік. Өткен тарихтағы фашист басқыншыларының Киевке шабуылын бүгін Ресей Украинаға қайталап отыр. Тарих адамдардың ешқандай оқиғалардан, қателіктерден сабақ алмайтындығын ұқтырды. Жекелеген топтар мен адамдар ғана ойланады әрине, ал қоғам бүкіл адамзат ешуақытта ондай жағдайлардан нәтиже шығармайды екен.

– Егер сайлау өтіп жатса сіз жаңа Парламент құрамына кірер ме едіңіз және ол құрамда кімдердің болғанын қалайсыз? Болмаса жаңа партия құру ойыңызда бар ма?

– Атқарушы билік пен заң шығарушы билікке бармаймын деп отыз бес жасымда айтқанмын. Бұл – менің ұстанымым. Егер ұлттық-демократиялық бағыттағы саяси партия құрылатын болса, көмектесуге дайынмын. Өз басым, ұлтшыл күштерге ғана сенемін. Парламент құрамына әділ сайлауда жеңіп шыққан кез келген жанның баруын қалаймын.

– Жаңару жолында еліміз үшін айтылған кез келген пікір бағалы. Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет.

Ұлбала ТІЛЕУҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

КӨКЕЙКЕСТІ

Конституцияның 7-бабында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» делінген. Осы айтылғанды талдап, мәнін ашып берейін.

Айыпқан МУХАМАДИЕВ, заң ғылымының кандидаты

ОРЫС ТІЛІ – РЕСМИ ТІЛ ЕМЕС!

Президент Қ.Тоқаев алдыңғы жолдауында: «Ата Заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар, ол – қазақ тілі» деді. Алайда еліміздің кейбір ақпарат құралдарында «орыс тілі ресми тіл мәртебесіне ие» деген сөздер айтылуда, бұл өрескел қателік қоғамды шатастыруда. Неге дейсіз ғой? Конституцияны, заңдарды қанша ақтарсаңыз да бұндай норманы таппайсыз. Демек, тіл мәселесінде қоғамда дүрбелең тудыру мақсатында кейбіреулер шатастырып, адастырып отыр. Өйткені, халықаралық тәжірибеде ресми тілдің мәртебесі кейбір елдерде мемлекеттік тілмен теңестіріліп, оны басқару, заң шығару тілі деп көрсеткен. Ал осыны кім, не үшін айтып отыр? Бұл – қазақты, өзге этностарды тіл дауына айдап салу әрекеті.

Тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін реттейтін «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» арнайы заңның 4-бабында: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі» деп көрсетілген. Демек, аталған заң Конституциядағы мемлекеттік тіл мәртебесін анықтап дамыта отырып қазақ тілі – мемлекетті басқару, заң шығару және іс қағаздарын жүргізу тілі деп бекітті. Заңдарды зерделей келе айтатынымыз Қазақстанда мемлекеттік ресми тіл біреу – ол қазақ тілі!

Осы айтылғанды Конституциялық Кеңес 2007 жылы 23 ақпандағы №3 нормативтік жалпыға бірдей міндетті күші бар қаулысымен былай деп бекітті: «Мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында мемлекеттік тіл – қазақ тілі мен ресми түрде пайдаланылатын орыс тілінің тең қолданылуы бұл соңғысына (орыс тіліне) екінші мемлекеттік тіл мәртебесі берілетінін білдірмейді. Мемлекеттік тіл мәртебесінің үстем болуы оның жария-құқық саласында қолданылуының артықшылығы не басымдылығы Конституцияда баянды етіліп, заңдарда белгіленуі мүмкін екендігін білдіреді».

Жоғарыда көрсеткеніміздей Конституцияда «орыс тілі – ресми тіл» деген сөз заң баптарында мүлдем жоқ. Алайда аталған 7-баптың 2-тармағында: «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады», – деп айтылған. Демек, «ресми түрде» деген сөз тіркесі бар, бірақ, бұл «орыс тілі – ресми тіл» дегенді білдірмейді.

Қай жерде орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады? Азаматтық заңдарда көрсетілгендей: мемлекеттік кәсіпорын, мекеме, шаруашылық серіктестік, акционерлік қоғам, яғни, құрылтайшысы, меншік иесі мемлекет болатын компаниялар мен заңды тұлғалар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мәслихаттар. Осы айтылғаннан шығатын қорытынды, аталған мемлекеттік ұйымдарда қызмет ететін мамандардың барлығы қазақ және орыс тілінде іс жүргізе білуі міндетті. Қазақстан Үкіметі, Парламенті және орталық атқарушы органдар, министрліктер т.б. мемлекеттік тілді біліп, сөйлеуге міндетті.

«Мемлекеттік орган» мен «мемлекеттік ұйым» ұқсас ұғым болғанымен, Конституцияда бөлек қолданылған, және де олардың құқықтық мәртебесі мүлдем өзгеше. Мемлекеттік орган белгілері Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 4-бабында берілген, олар – жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық қағидаларын айқындайтын актілерді басып шығару, әлеуметтік маңызы бар қоғамдық қатынастарды басқару және реттеу, мемлекет белгілеген жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық қағидаларының сақталуын бақылау жөніндегі функцияларды мемлекет атынан жүзеге асыратын мемлекеттік билік ұйымы. Осы кодексте көрсетілгендер арқылы біз мемлекеттік ұйымдарда аталған белгілердің, функциялардың жоғын білдік.

Қазақстан Үкіметі туралы конституциялық заңның III тарауында мемлекеттік органдардың тізбесі берілген, олар Президент, Парламент, министрліктер, жергілікті атқарушы органдар деп көрсетілген. Тек қана осы тізбеде 4-бапта берілген барлық белгілердің барын байқадық, осылай мемлекеттік органдардың ерекше айырмашылығын білдік. Айтылғаннан түсінгеніміз осы 7-баптың 2-тармағында көрсетілгендерден басқалары – барлық мемлекеттік органдар Үкімет, Парламент, министрліктер, агенттіктер т.б. тек қазақ тілінде сөйлеп, қызмет етуі керек. Бұл – Конституция талабы.

Конституциялық Кеңес 2007 жылғы нормативтік қаулысында мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ресми тұлғалары көпшілік алдында сөз сөйлегенде, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ресми бланкілері, ұлттық валютада, жеке басын куәландыратын құжаттарда қазақ тіліне басымдық берілуі керек екенін бекітті. Бұл жазылғандар, негізгі заңда қазақ тіліне жария-құқықтық маңыз бере отырып, оның мәртебесінің үстемдігін көздейтінін айғақтайды деді.

Енді министрлер, депутаттар 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда бүкіл Қазақстан халқы бірауыздан қабылдаған Конституцияның «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деген талабын неге шала орындайды деген үлкен сұрақ туындайды. Конституциялық Кеңес қаулысында қазақ тілі Қазақстан мемлекеттілігін айқындайтын факторлардың бірі болып табылады, оның егемендігін рәміздейді. Жоғарыда келтіргеніміздей Қазақстан Үкіметі, Парламенті және орталық атқарушы органдар т.б. тек қана мемлекеттік тілде іс жүргізіп, сөйлеуі керек. Конституция талабы осы. Яғни, биліктің мемлекетті басқару, заң қабылдау, қолдану тілі тек қана қазақ тілі болып табылады.

Ұлттық идеология – қазақ тілінен, ділінен, қазақ халқының көне тарихынан бастау алады. Егер де біздің мемлекетіміз мыңдаған жыл бойы қалыптасқан қазақ халқының әдет-ғұрпын, рухын, тілін идеологияның басты тұғыры ретінде қабылдаса, қазіргі аумалы-төкпелі заманнан теңселмей өтеміз.

ПАЙЫМ

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ИНСТИТУТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Н.ИСКАКОВА,
Атырау облыстық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

Әкімшілік органдардың шешімімен немесе әрекетімен, әрекетсіздігімен келіспей, жария-құқыққа қатысты дау туындаса, жеке және заңды тұлғалар Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі негізінде жаңадан ашылған мамандандырылған әкімшілік соттарға талап қоюмен жүгіне алады. Осылайша, Қазақстанның құқықтық жүйесінде жария-құқықтық дауларды шешуде құқықтық нормалардың кең кешені пайда болды. Шет елдерде ол жалпы термин бойынша әкімшілік даулардың құқықтары немесе әкімшілік юстиция құқығы деп белгіленеді.

Әкімшілік әділет институтының негізгі ерекшеліктері:

Біріншіден, әкімшілік юстиция органдары қарайтын құқықтық даулар – жария-құқықтық даулар. Мұндай дауларда тараптардың бірі атқарушы билік немесе мемлекеттік әкімшіліктің басқа органы болып табылады.

Екіншіден – тарап-азаматтар немесе олардың қауымдастықтары, әртүрлі мемлекеттік емес заңды тұлғалар. Даулар жария-құқықтық қатынастардан, яғни, бір тарап заңға, бұйрыққа немесе өзге де актіге байланысты мемлекеттік органға бағынатын қатынастардан туындайды.

Жария-құқықтық дауларда, ең алдымен, азаматтардың және олардың қауымдастықтарының (азаматтық және саяси құқықтар, қоғамдық мүдделер, басқару саласындағы құқықтар) жария құқықтары мен мүдделерін қорғау туралы сөз болып отыр. Бірақ мұндай дауларда жеке құқықтар мен мүдделер де қорғалады, өйткені көбінесе олар мемлекеттік қол сұғушылықты сезінеді. Даулар әрдайым басқарушылық салада туындамайды (әкімшілік әділет аясында сайлау, Еңбек және тіпті, діни даулар болуы мүмкін).

Сот тәжірибесінде айқындалғандай мемлекеттік әкімшілік органдарының жеке құқықтық актілері, сондай-ақ, олардың әрекеттері (әрекетсіздігі) дауланады. Соңғы уақытта әкімшілік соттарда әкімшілік келісімдер, нормативтік құқықтық актілер, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының актілері дауларды. Мұндай дауларды қарайтын судьялар Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде айқындалған қағидаларды басшылыққа алуда. Сондықтан, әкімшілік процестің ерекшеліктеріне мемлекеттік органға дәлелдеу ауыртпалығын жүктеу, азаматтардың құқықтарына қосымша процедуралық кепілдіктер жасау, соттың немесе істі қарайтын басқа әкімшілік әділет органының белсенді рөлі, қарсы тараптың мүмкін еместігі және т.б. жатады. Сонымен қатар, әкімшілік актіге немесе әрекетке (әрекетсіздікке) жоғары тұрған әкімшілік органға міндетті түрде алдын ала шағымдану туралы ереже барын ескерген жөн.

Әкімшілік әділет институты бойынша дауларды қарау кезінде азаматтар мүддесінің басым болуына мән беріледі. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті қолданысқа енгізу – азаматтардың, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың ерекше тетігіне айналуда.

№27 (3455)
5 сәуір 2022
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті

Рамазан СӘРПЕКОВ,
ҚР Заңнама және құқықтық ақпарат институтының директоры:

«ЗАҢ ҚУАТЫ – ЕЛ МҰРАТЫ»

– Рамазан Құмарбекұлы, еңбек жолыңызға қарасақ, заң жобаларын әзірлеу, қабылдау және орындау сатыларының бел ортасында жүрген екенсіз. Сондықтан қолданыстағы заңнаманың саласына көңілі толмайтындар мен заңнаманы жақсартуға деген сын-ескертпелердің көбейіп бара жатқан себебі сізге белгілі болар. Расында, неге мұндай жағдай қалыптасып отыр? Әлде бұл жағдай өкілетті органдардың назарына жетпей жатыр ма?

– Біз қазір басымызға түскен қандай да бір істі не мұқтаждықты шешу жолында негізінен заңға жүгініп, заңның көмегімен шешуге бет бұрған кезеңде өмір сүріп жатырмыз. Өркениетті елдердің тәжірибесіне қарасақ, бұндай жағдайда ешқандай басшының қас-қабағына қарамай, оның табалдырығын, өзінің жүйкесін тоздырмай-ақ, проблемасын еліндегі ұлттық заңнамасына сүйеніп, құқық қорғау органдары мен сотқа жүгіну арқылы шешуді қолжетімді етіп отыр. Сондықтан, халықтың ұлттық заңнаманың өмірімізді, құқықтарымыз бен бостандығымызды қорғауда қабілетті болуын талап етуі өте орынды деп есептеймін. Отандық заңнаманың сапасын жақсартуға бағытталған талаптың күшеюін ел-жұрттың құқықтық мәдениеті жетіліп, заңға деген сұраныстың артып келе жатқанының белгісі деп қабылдағанымыз жөн. «Сын түзелмей, мін түзелмейді», – дегендей, орынды айтылған ұсыныстарды назарға алу пайдалы болары сөзсіз. Ұлттық заңнаманы күрделі өтпелі кезеңнің сұранысына жауап бере алатын әрі ел мүддесін қорғауға құдіретті етіп қабылдауға Парламенттің де мүмкіндігі жеткілікті. Сондықтан заңнаманы жетілдіру мәселесі өкілетті органдардың назарында тұр деп сенімді түрде айтуға болады.

– Заңдар жиі өзгерістерге ұшырап жатады? Тіпті, заң қабылдана салысымен толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп жататын сәттер орын алуда. Неліктен?

– Әрине, пісіп-жетілмеген заңды қабылдап, жиі өзгерістерге ұшыратуды ешкім қолдамайды. Күнделікті өмірде мыңдаған дау-дамайлар құқық қорғау жүйесінде не сотта қаралып, оның басым көпшілігі нәтижелі аяқталып, бірнешеуі күткен жетістігін бермесе, кемшілікті заңнан немесе осы мәселені қараған мемлекеттік органнан, не оның лауазымды адамынан іздейді. Заңнама дегеніміз қатып қалған дүние емес, оның өмірімізде пайда болған немесе пайда болатын маңызды қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталып, өзгертіліп немесе толықтырылып отыруы заңды құбылыс деп қабылдағанымыз дұрыс. Әрине, жыл сайынғы қабылданып жатқан заңдардың немесе заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің санына емес, сапасына ерекше назар бөлетін уақыт жетті.

Заңның қуаты – елдің мұраты болуы керек. Сонда ғана тұрақты, пәрменді, сапалы заңнаманы қалыптастыруға қол жеткізуге болады. Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту мен құқықтық көмек пен әділ сот төрелігіне қолжетімділікті қамтамасыз ету жолында ұлттық заңнаманы тұрақты негізде жандандырып отыру мәселесі Мемлекет басшысының да назарынан түскен емес. Бұл бағыттағы кешенді жұмыстар көлемі 2021 жылғы 15 қазандағы ҚР Президенті Жарлығымен бекітілген «ҚР құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында» қамтылған. Оның сыртында ел-жұрттың сұранысын шешуде заңды негізгі құрал ретінде танып, нормашығармашылықты жақсарту қажеттігіне Президент жыл сайынғы жолдауында ерекше мән беріп, айтып келеді. Сонымен қатар, салалық заңнаманы жүйелі түрде жетілдіріп отыру мемлекеттік орган басшыларының бірден-бір жауапты міндетіне кіреді.

– Сіз басқарып отырған Заңнама және құқықтық ақпарат институты да нормашығармашылыққа қатысы бар ғылыми мекеме екенін білеміз.

– Біздің институт нормашығармашылық қызметтің тиімділігін арттыру, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуде құқықтық ғылымның рөлін күшейту, сондай-ақ, елдегі нормативтік құқықтық актілердің бірыңғай мемлекеттік есепке алуын қадағалау мақсатында, 1993 жылы құрылған «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» мен сол жылы құрылған «ҚР Заңнама институтын» біріктіру жолымен ел Үкіметінің 2019 жылғы 28 наурыздағы қаулысына сәйкес Әділет министрлігінің «Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын болып қайта құрылды. Институттың жұмыс бағыттары көп. Алайда, институттың заң жобаларының тұжырымдамаларын және заңнамалық актілер жобаларын, сондай-ақ, елдің заңнамасын дамытудың ғылыми тұжырымдамаларын әзірлеуге қатысу; заңнама тиімділігіне талдау жүргізу; заңнамалық актілер мен халықаралық шарттардың жобаларына ғылыми құқықтық және ғылыми лингвистикалық сараптамаларды қамтамасыз ету; мемлекет қызметін құқықтық қамтамасыз ету саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу; ҚР құқықтық актілерінің мемлекеттік тізімі мен эталондық бақылау банкін; мемлекеттік органдардың талдамалық және әлеуметтік зерттеулерінің бірыңғай дерекқорын жүргізу; заңнамалық актілерді ағылшын тіліне аудару және оларға қол жеткізуді қамтамасыз етудегі қызметін негізгі бағыттары ретінде атап өткенім жөн болар.

Институт отыз жылға жуық ғылыми мекеме санатында мол тәжірибе жинап, ақпараттық-құқықтық қызметтер нарығында абыроймен жұмыс атқарып келеді.

– Өзіңіз атап өткендей, институт өткен жылдан бастап Парламент депутаттары мен Үкімет бастамашылық еткен заң жобаларына ғылыми құқықтық сараптама өткізуді ұйымдастыратын уәкілетті ұйым санатында қызмет етуде. Бұл өзгеріс қандай мақсаттан туындап отыр? Тиімді жақтарын атап өтсеңіз?

– 2021 жылдың 12 наурызында қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нормашығармашылықты жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына сәйкес, ғылыми-құқықтық сараптама өткізудің жаңа моделі енгізіліп, бұл жауапты жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізу біздің институтқа жүктелді. Соған байланысты, өткен жылдың шілде айынан іске кірістік. Ең ауқымды жұмыс құқық салалары бойынша ғылыми сарапшылардың Тізілімін қалыптастыру болды. Тізілімді қалыптастыру жөніндегі арнайы құрылған комиссияның отырыстарында ғалымдардан түскен құжаттар қаралып, 130-ға жуық сарапшы Тізілімге енгізіліп, олармен келісімшарт жасалды. Олардың басым көпшілігі отандық және оннан астамы шетелдік сарапшылар. Ерекше айта кететін жағдай, ұлттық сарапшылардың қатарында Ресей, Германия, Швейцария, Беларусь, Украина, Қырғызстан және тағы басқа елдерде қызмет атқарып жүрген тәжірибелі заңгер отандастарымыз да бар.

Жаңалықты енгізудегі негізгі мақсат – заң жобаларына жүргізілетін ғылыми сараптама қорытындысының сапасын жақсарту. Бұл жолдың тиімділігін ғылыми қауым да қолдап отыр. Себебі, бұған дейінгі тәртіп бойынша бір жылға ғана жарияланатын конкурсты ұтып алған ғылыми ұйым тек өзінің ғалымдары мен мамандарын қатыстыру арқылы өткізу мәселесі, елдегі басқа ғалымдар мен тәжірибелі мамандардың орынды наразылығын туғызды. Ал сараптама қорытындысының сапасыздығы туралы Парламент қабырғасында мәселе көтеріліп жүргенін өз тәжірибемнен білемін. Қазіргі тәртіп бойынша сараптама жүргізуге Қазақстанның түкпір-түкпірінен және шет елдерден белгілі ғалымдар мен білікті мамандар тартылуда. Сонымен қатар, ғылыми сарапшының өзі берген қорытынды дербес жауапты және оны түсіндіру үшін заң жобасын Парламентте талқылауға қатысу міндеті заңда қаралған. Осындай талаптарды қатаң сақтай отырып, бүгінгі күнге жаңа модель шеңберінде 50-ге жуық заң жобасына және 25-ке жуық халықаралық шарт жобасына ғылыми-құқықтық сараптама жүргізілді. Тағы бір айта кететін жайт, сарапшыларды таңдау автоматтандыру тәртібімен жүргізіледі. Сарапшыға тиісті құжаттар пакетімен бірге, заң немесе халықаралық шарт жобасы жіберіледі. Сарапшы олармен танысып, электронды поштамен келісетіні немесе бас тартатыны туралы жауап береді. Институт пен сарапшылардың арасындағы жұмыс тек қана қашықтан өткізіледі. Біз сарапшылармен жүзбе-жүз жұмыс жасамаймыз.

– Жақсы. Ал іс жүзінде заң жобасын әзірлеген мемлекеттік органдардың ғылыми сарапшыға ықпал жасап, өз мүдделеріне сәйкестендіріп қорытынды жаздырып алуы мүмкін бе? Немесе сарапшының өзі заң жобасын әзірлеуші органның қызметкері болса ше?

– Сұрағыңыз өте орынды. Сондықтан жан-жақты жауап беруге тырысайын. Әрине, мұндай заңсыздықтарға жол берілмеуі керек. Ал оны іске асырудың бірнеше жолы бар. Біріншіден, заң жобасын әзірлеуші мемлекеттік орган не Парламент депутаты заң жобасының тұжырымдамасын да, заң жобасының өзін де белгілі бір өзекті проблеманы шешуге арнап дайындайды. Олар ғылыми-құқықтық сараптаманың сапалы болуы қабылданатын заңның құқықтық қабілетіне тікелей байланысты және пайдалы болуына мүдделі. Екіншіден, сіз атаған келеңсіздіктерге жол бермеу мақсатында қолданыстағы «Құқықтық актілер туралы» заңымызға өте маңызды толықтырулар енгізілді. Атап айтқанда, сарапшы ғылыми сараптама жүргізуіне күмән келтіретін мән-жайлар болған кезде институтқа екі жұмыс күнінен кешіктірмей хабар беріп, сараптамадан бас тартуға міндетті. Бұның сыртында, егер ғылыми сарапшы өз өндірісіне алған заң жобасы тұжырымдамасының жобасын және заң жобасын келісу процесіне бұрын қатысса немесе әзірлеуші органның қызметкері болып табылса және сараптама жүргізу нысанасы сарапшының ғылыми білімінің шегінен тыс болса, не өзіне ұсынылған материалдар қорытынды беру үшін жеткіліксіз болса, не өзінің ғылыми құқықтық сараптаманың объективті және тәуелсіз сараптама қорытындысын беруін болғызбайтын өзге де мән-жайлар болса, ғылыми-құқықтық сараптама жүргізуге қатыса алмайды.

Осы аталғандармен қатар сарапшы белгілі бір заң жобасын өз өндірісіне алғаннан соң, сараптама процесіне тартылмаған өзге тұлғалармен сараптама жүргізуге байланысты мәселелер бойынша келіссөздер жүргізуіне заң жүзінде тыйым салынған. Сол сияқты сараптамаға қатысты материалдарды және өзіне белгілі болған өзге де мәліметтерді жария етуге, сараптамада қаралып жатқан нормативтік құқықтық акт жобасының атауы мен мазмұнын, сондай-ақ, ресми жарияланған кезіне дейін сараптама қорытындысының мазмұнын жария етуге рұқсат етілмейді. Сарапшы бұлардан да басқа заңда көрсетілген талаптарды сақтауға міндетті. Жүктеген жауапкершілікті ескере отырып, тізілімге енгізілген әрбір сарапшымен жасалатын келісімшартта олардың міндеттері мен құқықтары толық қамтылған. Аталған іс-шаралар жауапкершілікпен атқарылса, заңсыздықтарға жол берілмейді деп есептеймін.

– Ал бұл талаптар бұзылған жағдайда қандай шара қолданылуы мүмкін?

– Жоғарыда аталған заңның 33-5-бабына сәйкес, ғылыми-құқықтық сарапшының тыйым салынған жағдайлардағы міндеттемелерді орындамауы не бірнеше рет (үш және одан да көп ретте) ғылыми сараптама жүргізуде өз міндеттерін орындауда жауапсыздық танытып, сапасыз қорытынды әзірлесе немесе сараптама жүргізу мерзімін өрескел бұзса, яғни тиісінше орындамаса сарапшымен жасалған шарт бұзылады. Ондай маман қайтып ғылыми сарапшылар тізіліміне енгізілмейді.

– Осы уақыт аралығында ғылыми сарапшыларға ықпал етуге әрекет жасаған фактілер болды ма?

– Жоқ, болмады. Бірақ сарапшылардың тізімін алуға ниет білдірген бір-екі жағдай болды. Заңның талабы бойынша ғылыми сарапшылар туралы дербес мәліметтерді жариялауға немесе өтініштер бойынша жіберуге болмайды. Біз олардың дербестігі мен тәуелсіздігін қорғап, орындаған жұмысы үшін сыйақысын дер кезінде қамтамасыз етуге міндеттіміз.

– Бүгінгі күнде, құқықтық актілердің жүйелендірілген және толыққанды деректер қорын пайдалануда ең үздік әрі кең сұранысқа ие болып жүрген «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі тікелей сіздердің институтта жасалғанын, институттың төл өнімі екенін көпшілік біле бермейді. Осы бағыттағы жұмыстың жай-күйі мен болашағы туралы айта кетсеңіз?

– Әңгіменің басында атап өткенімдей, институт «Құқықтық актілер туралы» заңның негізінде мемлекеттегі барлық нормативтік құқықтық актілердің тізілімі мен эталондық бақылау банкін жүргізетін бірден-бір өкілетті мекеме. Түсініктірек болуы үшін айта кетейін, нормативтік құқықтық актілердің Мемлекеттік тізілімі дегеніміз – елдегі нормативтік құқықтық актілердің деректемелерін және осы актілер туралы ақпараттық-анықтамалық сипаттағы басқа да мәліметтерді қамтитын мемлекеттік есеп алудың бірыңғай жүйесі. Ал нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкі дегеніміз – елдегі нормативтік құқықтық актілерінің Мемлекеттік тізіліміне олар туралы мәліметтер енгізілген, қағаз жеткізгіштегі актілер жиынтығы және электрондық құжат нысанындағы актілердің электрондық түрде ресми жариялау көзі болып табылады.

Мемлекеттік тізілімде барлығы 147 мыңнан астам жазба деректемелер орналастырылған. Тек өткен 2021 жылы тізілімге 11601 акт, оның ішінде жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың 8931 нормативтік құқықтық актісі енгізілді. Міне, осындай толыққанды деректерді көпшілікке қолжетімді ету мақсатында «Әділет» жүйесі 2012 жылы құрылды. Бұл жүйеде елдегі нормативтік құқықтық актілердің 1991 жылдан бастап қазіргі күнге дейінгі мемлекеттік және орыс тіліндегі жиынтығы орналастырылған. Сұраныс өте жоғары. Атап айтқанда, 2021 жылдың қорытындысы бойынша 10,8 млн пайдаланушы 31,39 млн рет жүйеге кірген, бұл деректер 2020 жылға қарағанда 30% -ға ұлғайған. Қазақстаннан басқа оншақты шет елден әртүрлі сұрақтарға жауап іздестіріп, құқықтық актілерге жүгінетіндер саны жылдан жылға артуда. Әрине, алдағы уақытта қолданушыларға бұдан да тиімді қызмет көрсету үшін технологиялық жаңалықтарды пайдалана отырып, жұмысымызды жақсартуды көздеп отырмыз.

– Заң жобаларының түп нұсқасының қазақ тілінде жазылмауы жиі сыналады. Осы мәселенің шешімін табатын уақыт жеткен сияқты.

– Ұлттық заңнаманың түпнұсқасын мемлекеттік тілде жазу мәселесінің көптен бері айтылғанымен, нақты іске аспай отырғаны жасырын емес. Парламент Сенатының депутаттары бұл мәселені жиі көтеріп жүр. Заң саласының тәжірибелі маманы ретінде мұның екі-үш негізгі аспектісіне ғана назар аударғым келеді.

Біріншіден, заң жобаларын мемлекеттік тілде әзірлеу күрделі әрі кешенді мәселе. Екіншісі – бұл жұмысты ұйымдастыру мәселесімен байланысты. Заң жобасын әзірлеудің құқықтық негізі баршылық. Оған қоса оларды әзірлеушілерде нақтылық, мұқияттылық және ерекше жауапкершілік сияқты қасиет болуы тиіс. Осы талаптарға сай болу түрлі ұйымдастыру шараларын қажет етеді. Біздің институтымыз құқықтық-лингвистикалық сараптама өткізумен қатар, заңнаманы мемлекеттік тілде әзірлеу бағытында бірқатар жұмыс атқарып келеді. Мысалы, Әділет министрінің қатысуымен Сенат депутаттары, тіл саласының белгілі ғалымдары мен мамандарын біріктіріп, заң жобаларының мемлекеттік тілде әзірленуіне арналған кеңейтілген дөңгелек үстел өткіздік. Онда қолданыстағы заңнамада орын алған кемшіліктер, мемлекет пен қоғам алдындағы бірқатар мәселелер талқыланып, нәтижесінде арнайы жинақ шығарылды. Институтта бірнеше жыл қатарынан заңнама лексикасын, салалық терминдер сөздігін қалыптастыру бойынша іргелі және қолданбалы зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Олардың нәтижесі ретінде түрлі сөздіктер қалыптастырылып, мемлекеттік органдарға таратылды.

Заң жобасын мемлекеттік тілде әзірлеудің ерекшелігі оның мүдделі мемлекеттік органдармен келісу, оған сараптаманың бірнеше түрін жүргізу, жария талқылау кезеңдерінен де көрінеді. Заң мемлекеттік тілде жазылатын болса, барлық келісу кезеңдері осы тілдегі нұсқасы бойынша өтеді. Осы жерде оны кім, қалай жүргізбек деген сұрақ туындайды, өйткені, онымен келісетін, сараптама жүргізетін мамандардың барлығы дерлік мемлекеттік тілді бірдей деңгейде біле бермейтіні белгілі. Сонымен қатар, заңда техника, экономика, медицина, авиация және тағы басқа салалардағы қоғамдық қатынастар реттелетіні белгілі. Сондықтан салалық терминдер мен тіркестердің мемлекеттік тілдегі дәлме-дәл мағынасын ашып жазу, оны түсіндіре білу де кез келген заң және қазақ тілі маманының қолынан келе бермейді. Осылайша заң жобасын мемлекеттік тілде жазу үлкен ұйымдастыруды керек етеді.

Аталған мәселенің үшінші аспектісі – заң шығару процесіне қатысатын мамандарға қатысты. Заң жобасын мемлекеттік тілде әзірлеу филологтардың ғана деңгейінде шешілетін мәселе емес. Заң жобасын мемлекеттік тілде жазу үшін қазақ тілін жетік меңгерген, онда реттелетін қоғамдық қатынастардың қыр-сырын жақсы түсінетін, әртүрлі салаларда қолданылатын терминдер мен тіркестердің мән-мағынасын барынша түсіндіріп, қазақ тілінің грамматикалық ережелеріне сәйкес жаза алатын, құқықтық нормалардың мағыналық сипатын аша білетін, сондай-ақ, жалпы заң саласы мен оның өз салаларының ерекшелігін де жақсы игерген білікті заңгер болуы қажет. Мәселенің кешенділігі мемлекеттік аппараттағы мамандардың тұрақтылығынан да көрінеді.

Бәрімізге мәлім, мемлекеттік қызметшілердің көбі сауатты жастар. Қазақ тілінде оқығандар да баршылық, бірақ дені орыс тілінде білім алғандар. Олар мемлекет тарапынан қойылатын тілдік талаптарға толық жауап бере алады деу қиын. Сондықтан оларды іріктеп, оқытып, дағдыларын қалыптастыру, әсіресе, заң жобаларын әзірлеуге қатыса алатын, яғни заң лексикасын толық меңгерген маманды қалыптастыру көпжылдық жұмысты қажет етеді. Өз кезегінде, жас мамандардың заман талабына сай әлеуметтік, қаржылық және басқа да сұраныстары мен құндылықтарын ескеруді де естен шығармағанымыз дұрыс.

Қоғам мен мемлекетте осы аталған талаптарға сәйкес келетін ұйымдасқан орта мен мамандар болған жағдайда заң жобасын мемлекеттік тілде әзірлеуге толық мүмкіндік туады. Әзірге бұл – үлкен мәселе. Қалай болғанда да қазіргі уақытта мемлекеттің бұл мәселені шешуге әлеуеті жеткілікті. Сондай-ақ, қазақ тілінде заң жобасын әзірлеу мемлекетпен қатар әрбір азаматтың, бүкіл қоғамның қатысуын қажет ететін іс деп түсінген абзал.

– Мазмұнды әңгімеңізге рақмет!

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

Заң мемлекеттік тілде жазылатын болса, барлық келісу кезеңдері осы тілдегі нұсқасы бойынша өтеді. Осы жерде оны кім, қалай жүргізбек деген сұрақ туындайды, өйткені онымен келісетін, сараптама жүргізетін мамандардың барлығы дерлік мемлекеттік тілді бірдей деңгейде біле бермейтіні белгілі. Сонымен қатар заңда техника, экономика, медицина, авиация және тағы басқа салалардағы қоғамдық қатынастар реттелетіні белгілі. Сондықтан салалық терминдер мен тіркестердің мемлекеттік тілдегі дәлме-дәл мағынасын ашып жазу, оны түсіндіре білу де кез келген заңгердің және қазақ тілі маманының қолынан келе бермейді. Осылайша заң жобасын мемлекеттік тілде жазу үлкен ұйымдастыруды керек етеді.

АСЫЛ МҰРА

ҰЛТТЫҢ ЖАУҢАРЫ

«Сөзі жоғалған жұрттың, өзі де жоғалады» – деген халқымыздың ұлы ағартушысы Ахмет Байтұрсынұлы.

Жер бетіндегі кез келген халықтың мәңгілік болуы – ұлттық тілінің сақталып қалуынан. Қазақ тілі – дүниедегі ең шұрайлы, кестелі тілдің бірі деп жатамыз. Иә, қазақ тілі өте бай тіл! Қазақ тілінде жазылған тамаша шығармалар жылытатын, жұбататын жырлар қаншама?!

Осындай ғаухар тілімізді өз дәрежесінде пайдалана алмауымызға кезіндегі кеңес өкіметінің солақай саясаты әсер етті. Ал дәл бүгінгі күні қоғамның барлық саласында қазақ тілінің мәртебесі жоғары болуы қажет. Өйткені, егемен елімізде өмір сүретін барлық ұлттарға мемлекеттік тілді меңгеруге толықтай жағдай жасалған.

Сонымен қатар, демографиялық тұрғыдан қазақ ұлты ең жоғарғы пайызды құрайды. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», – деп Қадыр Мырзалиев ағамыз айтқандай, қазіргі қоғамда басқа тілді үйренуге шек қоймайды. Бірақ халық арасында «қай тілде сөйлесең, сол тілде ойлайсың» деген де қағида бар. Сондықтан біздің әрбіріміз үшін ана тілімізде сөйлеп, ана тілімізде ойлау маңызды. Оның ішінде мемлекеттік органдар мемлекеттік тілге ерекше құрметпен қарау керек. Осы тұрғыда сот корпусы қарқынды жұмыстар жүргізіп келеді. Сапалы, дәлелді сот актілері сот билігінің беделін нығайтуға, қоғамның сотқа деген сенімін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Халықтың сот жүйесіне сенім деңгейінің жеткіліксіздігі, жекелеген сот актілерінің анық еместігі және уәждерінің түсініксіздігі шешімнің әділеттілігіне және судьяның кәсіби деңгейіне күмән келтіреді. Сондықтан бұл саладағы іс-қағаздарының мемлекеттік тілдегі нұсқасы да сауатты, әрі анық болуы қажет.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі соттың қаулысы – бұл процестік құжат, онда әкімшілік құқық бұзушылық іс бойынша іс жүргізу нәтижелерінің қорытындысы көрсетіледі. Осы орайда, ҚР Жоғарғы Сотының тарапынан әзірленген «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша жаңа форматтағы сот қаулыларын әзірлеудің және оларды түсіндірудің әдістемелік ұсынымдары» өте орынды және маңызы зор. Бұл жерде де әрине бірінші кезекте мемлекеттік тілдегі сапалы жұмыстардың маңызы зор.

Мейрамбек ИБРАШЕВ,
Нұр-Сұлтан қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

ПӘРМЕН

ЖАУАПКЕР СОТ ШЕШІМІН ОРЫНДАУҒА МІНДЕТТІ

Жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 28-тарауы сот бақылауына арналған. Аталған тарау 171,172, 173-баптарды қамтиды. Оның алғашқысы соттың шешімін орындауға жіберу. Соттың шешімі заңды күшіне енгеннен кейін оны үш жұмыс күні ішінде сот орындау үшін жауапкерге жібереді.

Жауапкер әкімшілік іс бойынша соттың шешімін заңды күшіне енген күнінен бастап бір ай мерзімде орындауға міндетті, ол туралы сотқа хабарлауға тиіс. Егер соттың шешімінде белгіленген мерзімде ол ерікті түрде орындалмаған жағдайда, бірінші сатыдағы сот осы кодекстің 127-бабында белгіленген мөлшерде ақшалай өндіріп алуды қолданады. Соттың шешімін, ақшалай өндіріп алу туралы соттың ұйғарымын орындамау даусыз тәртіппен осы кодекстің 127-бабының тоғызыншы бөлігінде белгіленген мөлшерде қайталап ақшалай өндіріп алуға алып келеді.

Келесі бап соттың ақша сомасын өндіріп алу туралы шешімін мәжбүрлеп орындатуға арналған. Жауапкерді ақша сомасын төлеуге міндеттейтін, ерікті түрде орындалмаған соттың шешімі атқару парағының негізінде мәжбүрлі түрде орындалады, ол талап қоюшының арызы бойынша жазып беріледі. Атқару парағының мазмұны, оны жазып беру мен, сот орындаушысының қаулыларын санкциялау тәртібі осы тарауда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің қағидаларында айқындалады. Және соңғысы сот актісін дереу орындау болып табылады. Сот әкімшілік процеске қатысушылардың өтінішхаты бойынша, сондай-ақ, өз бастамасымен, егер анағұрлым кеш орындау әкімшілік процеске қатысушының құқықтарына елеулі зиян келтіретін болса не қиындататын болса немесе мүмкін болмаса, соттың шешімін дереу орындауға жіберуге құқылы. Сот актісі дереу орындауға жіберілген кезде сот әкімшілік процеске басқа қатысушылардың құқықтары мен жария мүдделерін де ескереді. Сот кез келген уақытта әкімшілік процеске қатысушының өтінішхаты негізінде дереу орындауға жіберілген сот актісінің орындалуын тоқтата тұруы мүмкін. Дереу орындауға жіберілген сот актілері, егер жоғары тұрған сатының заңды күшіне енбеген сот актісімен күші жойылса немесе өзгертілсе, орындауға жатпайды.

А.ИСКАКОВА,
Жаңақала аудандық сотының кеңсе меңгерушісі
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

КИЕ

ҚАЗАҚТЫҢ АРЫ, НАМЫСЫ

Мемлекеттің құрылып дамуы үшін оның өзіне тән негізгі ерекшеліктері болады. Оның жері, ұлты, дербестігі болуымен қатар ана тілі болуы шарт.

Ақылбек СЫДЫҚОВ,
Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты кеңсесінің бас маманы

Қазақ ықылым заманнан бері талай қанды оқиғаларды, шапқыншылықты, талас-тартысты бастан кешірсе де, ұлттық қағидаларын жоғалтқан емес. Қазақстанның негізгі ұлты – қазақ, тілі – қазақ тілі. Елдің мемлекет болып қалыптасуына дейін де талай қиыншылыққа төзіп келген қайсар халық тілін де, салт-дәстүрін де өлтірмей ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырды, сол арқылы мәдениетті меңгерді, ғылымды үйренді, ел экономикасын дамытты, ұрпағын тәрбиеледі.

Осы қастерлі, айшықты құнарлы тілімізді қалай дамып жатыр, XXI ғасырда жеткен жетістігіміз қандай дейтін болсақ, көңіліміз толмайтын олқылықтар жеткілікті.

Ұлы Абай кестелеген әдемі айшықты тілімізді Мұхтар, Ахмет, Ыбырай, Сұлтанмахмұт, Мағжандар өз заманында көзінің қарашығындай қадірледі, сақтады, дамытты деп айта аламыз. Олар өз ұрпақтарының алдында жете түсіндіріп, қорғай білді. Қазіргі кезде өнеріміз, мәдениетіміз, ғылымымыз ой-өрісіміз өскенмен, тілге деген жанашырлық төмендеп бара жатқаны жалған емес. Қазақ тілі – біздің басты байлығымыз, бірақ осының қадір-қасиетін жете түсінбейтін, ұлты қазақ болғанымен, тілі басқалар күннен күнге көбейе түсуде. Мұның өзі біздің ұлттық намысымыздың қандай деңгейде екенін айқын байқатады.

«Ел боламын десең бесігіңді түзе», деген аталы сөз бекер айтылмаған. Сол бесіктен бастау алар ана тілімізге жетім баланың күйін кештірмей, оны қадірлей білуге атсалысайық.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ҚР «Азаматтық процестік кодекске» енгізілген толықтырулар мен өзгертулер заман талабы. Азаматтық қоғамға бет бұрып, дамуды мақсат еткен елдің үздіксіз жаңашылдықтарға бет бұрып, ел заңдарын толықтырып, өзгертіп отыруы осындай себептердің нәтижесі.

ХАТТАМАНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Былтыр «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейін реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қабылданған. Осы заң шеңберінде бірнеше заңдар толықтыруларға ұшырады. Оның ішінде «Медиация туралы», «Азаматтық процестік кодекс», «Нотариат туралы» тағы басқа да бірнеше заң бар. Бұл заңдардың қай-қайсысы болсын, бүгінгі азаматтық қоғам талаптарына негізделген. Дауды мүмкіндігінше бейбіт бітім, татуласу мен сотқа дейінгі өндірістен қысқарту мәселелерін қарастырған. Бұл өзгерістердің барлығы тараптардың азаматтық құқықтарын қорғап, оларды көп әурешілік, бос сандалыстан құтқару мақсатын негізге алады. Бұл мәселеде әрине, біз ең алдымен сотқа дейінгі хаттама институтының енгізілуін ерекше атар едік. Ол хаттаманың негізгі мақсаты дауласушы тараптардың арасындағы түсініспеушіліктен туындаған дауларды шешу мен шиеленісті болдырмау, мүмкіндігінше тараптарды мәмілеге келтіру мүдделерін алға шығарды. Дауды бейбіт шешу қазақта бұрыннан бар үрдіс. Бүгін де олар медиациялық жолмен, азаматтық істер негізінде жүзеге асып жатыр. Оны судья бітімгер жүзеге асырады. Ол істі талап қою арызы түскеннен кейінгі бес жұмыс күні ішінде қарастырып, құқықтық заңдылықтар шеңберін зерделейді. Ол зерттеп, анықтау нәтижесі бойынша заңда көрсетілген мерзім аралығында талап қоюды қайтару не қабылдаудан бас тарту туралы мәселені шешеді. Ал татуластыру рәсімдерін жүргізу кезінде талап қоюды қабылдау 10 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Заң бойынша сотқа дейінгі хаттама жасаудың да заңмен қарастырылған өзіндік тәртібі бар. Сотқа дейінгі хаттама Азаматтық процестік кодекстің 73-бабының 1, 2-бөліктеріне сүйене отырып жасалады. Мұндай хаттама жасалған жағдайда талап қоюды қабылдау ол келіп түскен күннен бастап 15 жұмыс күн ішінде жүзеге асырылады. Татуластырушы судья сотқа талап қою келіп түскеннен кейін келесі күннен кешіктірмей тараптарға татуластыру рәсіміне қатысу үшін шақыру және сотқа дейінгі хаттаманың үлгісін жібереді. Сотқа дейінгі хаттамада тараптар өз талаптарының немесе қарсылықтарының негізін, дәлелдерін ұсынуы керек. АПК-ның 73-бабы 2-бөлігінде көрсетілгендей, сотқа дейінгі хаттаманы жасамаудың да өзіндік салдары бар. Мұны хаттаманы жолдаған кезде тараптарға түсіндіру бірінші кезектегі шаруа. Себебі, тараптар сот отырысы барысында тек сотқа дейінгі хаттамада көрсетілген дәлелдемелерге сілтеме жасауға құқылы. Яғни, егер тараптар мұндай құқықты пайдаланбаса, онда сот отырысында олардың дәлелдемелерді ұсыну құқығы шектеледі. Осыдан кейін олар дайындық кезінде дәлел келтірмеу себебін дәлелдеуге мәжбүр болады.

Енгізіліп отырған өзгерістер елдегі құқықтық жүйеге ілгерілеу мен азаматтардың құқықтық мәселесін зерделеуге берілген үлкен мүмкіндік. Ендеше, сотқа дейінгі хаттама бұл жерде өте маңызды, шешуші рөлге ие.

И. ЛУҚПАНОВА,
Алакөл аудандық сот отырысының хатшысы, бас маман
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ПІКІР

РУХАНИ НЕГІЗДІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Қазақстанның егеменді, тәуелсіз мемлекет екендігін айқындайтын негізгі конституциялық құқықтық белгілердің бірі – мемлекеттік тіл. Еліміз егемендік алғалы ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болды. Тіл сол мемлекеттің иесі болған халықтың мүддесін қорғауы тиіс. ҚР Мемелекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл еліміздің барлық аумағында мысалы, мемлекеттік басқару, сот ісін жүргізу, заң шығару, іс қағазын жүргізу салаларында кең өріс алып келеді.

Сот істерінің басым бөлігінің ресми тілде жүргізілу себептерінің бірі, сотқа жүгінушілердің мүддесін қорғаушы адвокаттар, заңдық көмек көрсетуші өкілдердің қазақ тілін жетік білмеуінен. Қылмыстық іс жүргізу кодексінде сот ісін жүргізу тілі, сотқа талап арыз берілген тілге қарай, сот ұйғарымымен белгіленетіні көрсетілген. Бұл дегеніміз, сотқа талап арыз қай тілде берілсе, іс сол тілде қаралып, сот актісі де сол тілде қабылданады деген сөз.

Адвокаттар мен заңдық көмек көрсетуші өкілдер, өздеріне келген азаматтардың сотқа беретін талап арыздарын орыс тілінде беруге итермелейді. Өйткені, өздері орыс тілінде білім алған не қазақ тіліндегі терминдерді, сөз тіркестерін жетік білмейді немесе оларды қолдануда қиналады. Алдын ала тергеу амалдары қай тілде жүргізілсе, сот ісі сол тілде жүргізілуін Қылмыстық іс жүргізу кодексі талап етеді.

Айтар болсақ, орыс тілін жай ауызекі сөйлесуде ғана білетін сот процесіне қатысушылар, сот процесі кезінде өз ойларын толық жеткізе алмай қиналатын тұстары жиі болып тұрады. Алдын ала тергеу мемлекеттік тілде жүріп, прокуратура өкілдері қазақша сөйлесе, талап арыз осы тілде жазылса, істі қазақ тілінде қарауға қуана келісетін едік.

Жоғарыда атап өткен мән-жайларға сүйенетін болсақ, әрбір сотқа жүгінуші азамат, сотта қаралатын мемлекеттік тілдегі істердің көрсеткішіне өз үлесін қоса алады. Өйткені, сот ісін жүргізу тілі заң талаптары бойынша, сотқа талап арыз берілген тілге қарай сот ұйғарымымен белгіленеді.

Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту, тілдің қолданылу аясын арттыруға күш салу.

Балжан САРСЕКОВА,
Орал қалалық әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының бас маманы – сот отырысының хатшысы

ХАТТАМА

ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫҢ БАСТАУЫ

Айман БАЕКЕНОВА, Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының бас маманы сот отырысының хатшысы

Барлық уақытта судьялар ерекше мәртебеге, құрметке және қол сұғылмаушылыққа ие. Алайда «қара мантияға жету жолы» ешқашан оңай болған емес. Ол оқу орнын таңдау жауапкершілігінен басталып, оқуды үздік тәмамдау, жұмыс орнын таңдау, ол жерде тәжірибе жинақтай жүріп өнегелі қызмет атқаруға ұмтылу. Мұның бәрі бірден келе қалмайтын үздіксіз ізденіс жолы.

Еліміздің судьялар корпусы үшін кадрлар даярлаумен айналысатын жалғыз жоғары оқу орны – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясы. Ол 2016 жылдың 18 ақпанында құрылған.

Академия болашақ судьялардың мақсатқа ұмтылу, заңды және әділ шешімдер қабылдай білу, адамдарға және өз жұмысына құрмет көрсету сияқты моральдық қасиеттерін дамытуға үлкен көңіл бөледі. Магистратурадағы оқу процесінің маңызды құрамдас бөлігі магистранттардың кәсіби практикасы мен тағылымдамасы. Өйткені, дәл осы сотта болашақ кәсіби қызмет мамандары қалыптасып шығады. Олар мұнда қажетті сот істері мен материалдарды қарау бойынша құзыреттерге ие болады.

Магистратураға түсетін мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне қойылатын талаптар, біріншіден, 29 жасқа толу, екіншіден, жоғары заң білімімен қатар, қабылдау кезінде заң мамандығы бойынша кемінде төрт жыл жұмыс өтілінің болуы.

Сондай-ақ, бұл талап үдесінде білім алушыларды іріктеу бойынша квота енгізу орынды болар еді (әрбір өңірден өңірдегі мемлекеттік қызметшілердің штат санына байланысты квоталар саны бірнеше).

Беделді мамандық саналғанымен, судьяның жұмысы ең қиын және жауапты. Адамның тағдырына сараптама жасау, анализбен шешім қорыту, үкім шығару осы саладағы қай судьяға болса да жеңіл емес. Сондықтан академияда кадрлар даярлауға, оларды әртүрлі жағдайларға дайын болуға баулып, олардың кәсіби маман болып шығуына ерекше көңіл бөлінеді. Академияда оқу ел заңнамаларын меңгеруге, оларды процесте қолдануға бағдар береді. Мен осы жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін заңдармен толық танысып, осы саланың қыр сырына үңіле алатын қабілетті маман болсам деп армандаймын. Ол маған судьялыққа жол ашады. Ал судья мамандығының мәртебесі ешқашан төмендемейді, бұдан әрі де әділеттің жаршысы, қорғаушысы ретінде дами береді.

БІЛГЕН ЖӨН

БАЛАМЕН КЕЗДЕСУ ТӘРТІБІН АЙҚЫНДАУ

ҚР Азаматтық процестік кодексінің 27-бабы 3-бөлігіне сай кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың қарастыруына жатқызылған істердің бірі – ата-ананың баламен араласу тәртібін айқындау туралы азаматтық іс болып табылады.

Баламен араласу тәртібін айқындау – баладан бөлек тұратын ата-ананың, тумаларының баламен араласу тәртібін, уақытын белгілеу.

ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінің 61-бабына сәйкес баланың ата-анасының екеуімен-де, ата-әжелерімен, аға-інілерімен, апа-сіңлілерімен (қарындастарымен) және басқа да туыстарымен араласуға құқығы бар.

Дәл осы кодекстің 73-бабында баласынан бөлек тұратын ата-ананың баласымен араласуға, оның тәрбиесі мен баланың білім алуы мәселелерін және бала үшін басқа да маңызды мәселелерді шешуге қатысуға құқылы екендігі көрсетілген. Яғни, ата-ана ажырасқаннан кейін бөлек тұратын ата-ананың балаға қатысты міндеттері, құқықтары осымен ғана шектеліп қалмайды. Ол әрі қарай да өз міндеттерін жүзеге асыруы тиіс.

Баламен араласу тәртібі туралы даудың туындауына бірден бір себеп – ата-ананың бір-біріне деген түсініспеушіліктерінің жоғалуынан болып жатады. Сот тәжірибесінде көптеп кездесіп жататын себептердің бірі – баламен бірге тұратын ата-ананың бөлек тұратын ата-анаға тиісті түрде баланы көрсетпеуі. Ал, сол ата-ана баланы бөлек тұратын ата-анаға көрсетпеуінің себебін алиментті уақытылы төлемеуі немесе материалдық түрде көмек көрсетпеуімен ұштастырып жатады. Алимент те ата-ананың міндеті екендігі баршаға мәлім. Дегенмен, алимент төленбеген жағдайда ондай борышкерлерге заңмен бөлек әкімшілік және қылмыстық жауаптылықтар көзделген. Ал, алимент төлемегенін себеп қылып, баланы бөлек тұратын ата-анаға көрсетпеу ол мүлдем дұрыс емес. Себебі, баланың ата-анасы ондай жағдайда баланың құқығын да шектеген болып саналады.

Жоғарыда атап кеткендей баламен араласуға тек бөлек тұратын ата-ана емес, сондай-ақ, туыстарының да құқығы бар.

«Балалы үй базар» демекші, үйінде немерелері шулап ойнап жүріп, олардың тәтті күлкісінен айырылып қалған ата-әжеге баласы мен келінінің ажырасуы оңай соқпайды. Олар да немерелерін көргісі келіп, сағыныш кернегенде сотқа жүгінуге мәжбүр болады.

Тағы бір айта кететін жайт, баламен араласу тәртібін айқындау туралы дау алдымен баланың тұрғылықты жері бойынша орналасқан қамқоршылық және қорғаншылық органымен шешіледі. Ал, егер ата-ананың біреуі ол шешіммен келіспеген жағдайда сотқа жүгінуге құқылы.

Сот тәжірибесінде тараптардың заң білместіктен бірден сотқа жүгініп, кейін судьялардың түсіндірме жұмыстарының арқасында өзара бітімге келіп, татуласып немесе медиациялық келісімге келіп жатқандары да бар.

Мысалы, 2022 жылғы 1 тоқсанында Ақтөбе облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында баламен араласу тәртібін айқындау туралы 8 азаматтық іс қаралса, соның ішінде 1 іске сот татуласу және медиативтік келісім бекітіп, іс өндірістен тоқтатылған.

2021 жылы аталған санат бойынша 55 азаматтық іс қаралса, соның 17-сі бойынша сот татуласу және медиативтік келісім бекітіп, іс өндірістен тоқтатылған.

Елімізде әр ата-ана өз құқықтары мен міндеттерін тиісінше орындап, баланың мүддесін ескеріп, оған психологиялық әсер етпес үшін бір-біріне түсіністікпен қараса, мұндай даулардың азаюы, тіпті болмауы да мүмкін.

Г.КАЛАМОВА-ИГИСЕНОВА
Ақтөбе облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңсе бас маманы

ӘРТҮРЛІ

10. Есеп ШОБ кәсіпорындарына арналған ХҚЕС ақпараттың мазмұны мен ашылуына қоятын талаптарына сәйкес жасалды

Атауы «Shakhmardan Yessenov Foundation ғылыми білім беру қоры»
Қызмет түрі коммерциялық емес
Қызметкерлердің орташа жылдық саны 7
«Заңды мекенжайы, 050000, Қазақстан Республикасы, Бостандық ауд.,
Бизнес сәйкестендіру нөмірі, Алматы қ., әл-Фараби
Жеке сәйкестендіру нөмірі»

Бухгалтерлік баланс
31 желтоқсан 2021 жылғы жағдай бойынша

мың теңге

Көрсеткіштер	Жолдың жолы	есепті кезеңнің соңында	есепті кезеңнің басында
I. Қысқа мерзімді активтер	**01**	**623 450,**	**792 340**
Ақшалай қаражаттары және олардың баламалары	02	142 210	291 815
Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялары	03	139 016	186 047
Қысқа мерзімді дебиторлық берешек	04	188 888	229 621
Қорлар	05	6 202	6 958
Ағымдағы салықтық активтер	06	16	11
Өзге де қысқа мерзімді активтер	08	147 118	77 888
II. Ұзақ мерзімді активтер	**06**	**105 034**	**107 583**
Ассоциацияланған кәсіпорындарға инвестициялар	13	77 930	77 930
Негізгі құралдар	15	1 060	3 609
Материалдық емес активтер	18	26 043	26 043
БАЛАНС (01 бет + 09 бет)	**21**	**728 483**	**899 922**
Міндеттеме мен капитал	**22**	**4436**	**523**
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер	**23**	**436**	**523**
Салықтар бойынша міндеттемелер	25	33	21
Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер	26	38	9
Қысқа мерзімді кредиторлық берешек	27	365	380
Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер	29	-	113
V. Капитал	**36**	**728 048**	**899 399**
Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)	42	728 048	899 399
БАЛАНС (22 бет + 36 бет)	**43**	**728 483**	**899 922**

2021 жылы алынған қаржыларды мақсатты пайдалану туралы ЕСЕП

Ұйым **«Shakhmardan Yessenov Foundation ғылыми білім беру қоры» Жеке Қоры**
Қызмет түрі коммерциялық емес
Ұйымдық-құқықтық нысаны/меншік нысаны Жеке қор
Заңды мекенжайы: 050000, Қазақстан Республикасы, Бостандық ауд., Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 5-үй, н.п.6
БСН 130 240 017 820

мың теңге

Көрсеткіш Атауы	Сомасы
Есепті жылдың басына қаражат қалдығы	291 815
Келіп түскен қаражат	
Қайырымдылық көмек	142 800
Ұйымның кәсіпкерлік қызметінен түскен табыстар	18 257
Түскен қаражаттардың барлығы	161 057
Пайдаланылған қаражат	
Мақсатты іс-шараларға жұмсалған шығыстар, оның ішінде	223 323
Ғылыми және IT тағылымдамалар бағдарламалары	14 077
Ш.Есенов атындағы шәкіртақы	11 913
Қайырымдылық көмек	30 650
Салауатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту	158 734
Ш.Есенов атындағы шәкіртақы	6 372
Ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру	1 576
Күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар	87 340
Барлығы пайдаланылған қаражат	**310 663**
Есепті жылдың соңына қаражат қалдығы	**142 210**

3. «Корпорация «АДАЛ» АҚ ұйымы, БСН 020640009058, өзінің «Корпорация «АДАЛ» ЖШС» болып қайта құрылуы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Іле ауданы, Казцик ауылдық округі, Казцик ауылы, Еламан Қабылдаев көшесі, 90-ғимарат.

12. Ақмола облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы Ақмола облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жылғы 15 желтоқсандағы №1112-19-00-2/1573 шешімімен «Колутонский ХПП» ЖШС астық қабылдау кәсіпорнында уақытша басқару енгізілгенін хабарлайды. Сонымен қатар осы астық қабылдау кәсіпорны берген (шығарған) астық қолхаттарын ұстаушылардың иелерінің жиналыстарына қатысуға құқылы.

13. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қайым Мұхамедханов атындағы №90 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 20084002435, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 29.03.2022 жылғы №107-880 қаулысы негізінде заңды тұлғаның Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қайым Мұхамедханов атындағы № 90 гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны болып қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Қорғалжың тас жолы, 37/1 мекенжайы бойынша қабылданады. Телефон: 8(7172)918322.

16. «Балауса» балабақшасы» КММ (БСН 020940001182) қайта құру жолымен «Балауса» балабақшасы»МКҚК болып қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Қорғалжын ауылы, А.Құнанбаев көшесі, 32.

18. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 140940006693, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 29 наурыздағы №107-880 Қаулысының негізінде заңды тұлғаның Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Е11 көшесі, 8 ғимарат. Тел.: 8(7172)408183, 87086516975.

ТАРАТУ

2. «ZHOLBARYS BK» ЖШС, БСН 180640035326 (398 Қазақстан 5823, Түркістан облысы, Шымкент қаласы, «ЫНТЫМАҚ» ықшамауданы, Қарасу-2 көшесі, 12 үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Шымкент қаласы, Ғани Иляев көшесі, 18 үй, 218-кеңсе. Тел.: 87755545318.

4. «Шу қалалық «Ақ ниет Бота» жәрдем орталығы» қоғамдық бірлестігі, БСН 011040012166, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 080000, Жамбыл облысы, Шу ауданы, Шу қаласы, 8 март тұйық көшесі, 6 үй. Тел.: 87473401847.

5. «УПРАВДОМ» ПИТК, БСН 960740002248 (БҚО, Орал қаласы, Транспортная көшесі, 6/1), өзінің 1.07.2022 ж. бастап таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Әбілқайыр хан көшесі, 6/4 үй. Тел.: 253071.

6. «Единый центр платежей» ЖШС, БСН 170840005914, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, С.Есқалиев көшесі, 179 үй. Тел.: 87078975169.

7. «Түркістан Kaz Group» ЖШС, БСН 220140011836, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, «Жұлдыз» тұрғын үй ауданы, 267 ғимарат, индекс 160026. Тел.: 87075885577.

14. «Ангал батыр» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі, БСН 160440023857, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 020003, Ақмола облысы, Еңбекшілдер ауданы, Ангал Батыр ауылы, Жамбыл көшесі, 4 үй, 1 пәтер.

15. «Simple English» ЖШС, БСН 171240004312, таратылғанын хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы, 050036, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 10-А ықшамауданы, 13 үй, 8 пәтер мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: 87077293344.

17. «Дармен и М» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БСН 210940000719 (Түркістан обл.,Сарыағаш ауданы,Сарыағаш қаласы,Майлықожа көшесі,70), өз еркімен таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: 160916, Қазақстан Республикасы,Түркістан обл., Сарыағаш ауданы, Қабланбек ауылдық округі, Чичерино(Сіргелі) елді мекені, А.Шоқыбайұлы №8 үй. Тел.87763979991.

МҰРАГЕРЛІК

8. 22.02.2022 ж. қайтыс болған Султанкулов Аманжол Абдилдаевичтің артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Б.Д. Дахановаға келуі керек. Мекенжайы: Түркістан қаласы, Тәуке хан көшесі, 278Б. Тел.: 87014653617.

9. 16.07.2020 ж. қайтыс болған, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қаражота ауылы мекенжайында тұрған Анисова Жумагульдің артынан мұра ашылды. Мұрагерлері нотариус Н.Т. Тұрғанға келуі керек. Мекенжайы: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Жібек жолы көшесі,116А, «Халық Банктің» бұрынғы ғимараты, 1-қабат.

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Орталық Кеңесі Атырау облыстық сотының судьясы
Сүлейменова Сандуғаш Сейілханқызының
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, туған-туыстарына көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

АНЫҒЫ МЕН ҚАНЫҒЫ

БІР ЖАҚТЫ КІНӘЛАУ – МӘСЕЛЕНІ ШЕШПЕЙДІ

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Ержан МЫРЗАТАЙ, отбасылық психолог:

«Ашу – бала тәрбиелеудің құралы бола алмайды»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Үшінші себеп – мектеп пен бала байланысы. Яғни мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасы, оларды тәрбиелеумен қатар сабаққа қызықтыра алуы. Ал қазіргі күні бұл іс көп мұғалімнің қолынан келе бермейді. Тек сабақ берумен шектеледі. Негізінен мұғалім баланың эмоциясын бақылап, ашушаңдыққа жол бермеуге тырысуы қажет. Баланың ашулануы – «мен күйзелісте жүрмін, мен қиналып жатырмын, маған көмек берші!» деген белгі. Мұны көрген ата-ана, мұғалім сабақты бір сәтке қоя тұрып: «Жарайды ашуланып тұр екенсің, сыртқа шығып қайт. Беті-қолыңды жуып ал, не боп қалды? Әйтпесе, психологқа барып кел» деуі керек. Бала «көмектесші» деген белгіні бір рет көрсетеді, екінші рет көрсетеді, алайда ешкім оны байқамаса, ашушаңдыққа беріліп, айналасына зиян келтіруі мүмкін. Сол үшін баладан бөгде іс-әрекет байқадыңыз ба, бірден назар аударыңыз.

– Ата-ана тәрбиесі мінезге әсер ете ме?

–Тәрбие міндетті түрде әсер етеді. Баланың мінезін қалыптастыратын бірнеше фактор бар. Біріншісі – ген, ДНК. Екіншісі – қоршаған орта. Алайда мінез деген кезде, мынаны түсіну керек: Ашушаңдық – мінез емес. Әр нәрсеге ренжігіштік – мінез қатарына жатпайды. Бұл психологиялық жай-күй. Ол кез келген адамда болады. «Бала ашушаң ба? Ата-ана ашушаң ба?» деп қарастыра алмаймыз.

– Ашушаңдыққа бейім балалармен кімдер және қалай жұмыс жасауы керек?

– Балалардың барлығы ашуға бейім. Қазіргі мектептердегі қателік – балалардың арасында тест, сауалнама жүргізеді де, ішіндегі суицидке жақын деген балаларды бөліп алып, солармен ғана жұмыс жасайды. Ал қалған балаға кім назар аударады? Оқушыларды бөлуге болмайды, бәрін тең көру керек. Жалпы, оқушылармен жұмыс жасау кезінде, ең маңыздысы – оқушы санын нормаға келтіру. Бір сыныпта отыз, тағы бір сыныпта қырық оқушы оқиды. Ондай кезде не тәртіп, не білім, не тәрбие болмайды. Өйткені, бала мінезін көрсетіп, дауыс көтеріп, ашуланбауы үшін, мұғалім сыныпқа ие болуы тиіс. Сондықтан сыныптағы оқушы санын қалыпқа келтіріп, мұғалім өз қызметін дұрыс атқара алатындай жағдай жасалуы керек. Екіншіден, ата-ана мен мұғалім қарым-қатынасын түзету. Көп мектеп ата-анадан қашады. Ал негізінде баланы мектеп пен үйдегі ата-ана бірлесе тәрбиелеуі қажет. Сонда екіжақты байланысты көрген бала мектепті де, ата-ананы да сыйлайтын болады. Үшіншіден, балаға қарсы агрессия көрсетуді доғаруымыз керек. Ашу ешқашан баланы тәрбиелейтін құрал бола алмайды. Мына тұжырымдаманы есте ұстайық: «Баланың бойындағы агрессия, балаға көрсетілген агрессиядан туындайды».

– Талдықорғанда болған оқиғадан соң, оқушыдан қатарластары алшақтап кеткен жағдайда не істеуге болады?

– Айта кететіні, бұл оқиғада біріншіден, Білім министрлігінен бастап барлығы үлкен қателік жасады. Кәмелетке толмаған баланың мәліметтерін ата-анасының рұқсатынсыз әлеуметтік желіде тарату бала құқығына қарама-қайшы әрекет. Осыған сай, ата-ананың барлық хабар таратушыларды жауапкершілікке тартуға құқығы бар. Екіншіден, бізде Бала құқықтарын қорғау комитеті жұмыс істейді, соларды алып облыстық, қалалық білім беру басқармасы баланың өзіне барып, мән-жайды анықтауы қажет еді. Ал біз он бес секундтық бейнежазба үзіндісін көріп, бірден баланы кінәладық, айыптадық. Оған дейін және кейін не болғанынан ешқайсысымыздың хабарымыз жоқ. Қылмыстық кодекс бойынша, біз адам өлтірмесек те, оны осындай іс-әрекеттеріміз арқылы суицидке итермелеген болуымыз мүмкін. Екінші мәселе – бізде Бала құқығын қорғау комитеті мен Білім министрлігі бір ғимараттың ішінде отыр. Бірақ неге сол уақытта бала құқығын қорғауға күш салынбады? Неліктен баламен тілдесіп көрмедік? Мұғаліммен сөйлесу бір бөлек, ол 35 жастағы ересек тұлға. Ал оқушы 15 жастағы кәмелетке толмаған, гормондық өзгерістер жүріп жатқан, әлі ересек болып көрмеген жасөспірім.

Біз осы уақытқа дейін оқушыға қол көтерген, балағаттаған мұғалімдерді көп естідік. Демек, бізде мынандай тұжырым бар: «барлығына оқушы кінәлі». Қазіргі күні ешкім жауапкершілік алғысы келмейді, әйтпесе бұл мәселені мұғалім мектеп директоры, ата-ана, психолог арқылы шешуіне болатын еді. Бұл мәселе бойынша бірінші Білім министрлігінің, екінші мектеп әкімшілігінің және үшінші біздер, яғни қоғамның кінәсі деп санаймын.

– Бұл оқиғадан соң мұғаліммен психолог жұмыс жасауы керек пе? Бәлкім мұғалім де бала психологиясын зерттеп-тануы қажет болар?

– Менің ойымша, бұл оқиғаға әсер еткен себеп – мұғалімнің біліктілігінің төмендігі. Негізінен мұғалімдік оқу барысында «Баламен қалай жұмыс жасау керек?», «Осындай жағдайда қандай іс-шаралар қолданылады?» деген сынды сұрақтарға жауап беріледі. Мұғалім оқушылармен жұмыс жасайтындықтан, бала психологиясынан толық хабары болуы міндетті.

– Сіз психолог ретінде қай тарапты қолдайсыз?

– Бұл түсінікті нәрсе. Есте ұстайық, ересек пен бала арасында мәселе туындағанда әрдайым оған жауапты – ересек адам. Бұл әлемдік принцип. Неге? Себебі, ересек бала болып көрді. Баланы түсіну оңай және оны түсінуге міндеттіміз. Ал бала ересек болып көрген жоқ. Әлі толыққанды ештеңені білмейді, көрмеген, тәжірибесі жоқ. Балада агрессия болған сәтте ешқандай айғай-шусыз, оның ата-анасын, мектеп психологын шақыртып, мәселені шешу жолын іздеу керек. Бұрынғы кезден қалып кеткен: «Барлығына бала кінәлі» деген ұстанымнан арылуымыз қажет. Өйткені, сол ұстанымның кесірінен көп балада травмалар қалып жатыр.

– Психолог ретінде қоғамға берер кеңесіңіз?

– Балаларға көбірек көңіл бөліңіздер! Олармен жиі сырласып, ішкі сырын, жанайқайын, мәселелерін тыңдаңыздар. Өйткені, қазіргі балалар құбылмалы заманда өмір сүріп жатыр. Карантиндік шаралар, қаңтар оқиғасы, бірде онлайн, бірде офлайн оқулар, әлемдік соғыс сынды дүниелер балаға тікелей әсер етеді. Өз мәселелеріңізді ысырып қойып, олардың уайымын азайту үшін қолдау көрсетіңіз. Бәрінен да балаға қиын болатындығын ескеру қажет. Сонымен қатар, біз қоғам ретінде балаға деген сүйіспеншілік, мейірімділікті арттыруымыз керек. Жазалаудан бұрын, ақыл айтып, дұрыс жол көрсетейік. Сонда ғана бала өзгереді.

Айжан ҚОСМҰРАТОВА, Алматы қалалық адвокаттар алқасының мүшесі:

«Бейнематериалға қарап қорытынды жасау қате»

– Еліміздегі мұғалімдер құқығы қалай қорғалады?

– Мұғалім құқығына байланысты, ҚР Үкіметі 2019 жылы 31 тамыздағы 645 қаулы бойынша «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылдады. Кейіннен 2021 жылдың 31 наурызында өзгерістер енгізілген. ҚР Педагог мәртебесі туралы заңнамасы мемлекетіміздің Конституциясына негізделеді және осы заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. Мұнда педагог мәртебесін айқындап, оның құқықтарын, әлеуметтік кепілдіктерін және шектеулерін, міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды.

– Талдықорғандағы оқиғада бала құқығы қорғалмай қалған жоқ па? Сонымен қатар кәмелеттік жасқа толмаған бала жайлы ақпарат ата-анасының рұқсатымен ғана жариялануы қажет емес пе?

– Елімізде «Бала құқықтары туралы» заң бар. Соның негізінде, әрбір баланың сөз бостандығына және өз пікірін айтуға, ар-ождан бостандығына, өзінің қоғамдық белсенділігін дамытуға, жасына сәйкес ақпарат алуға және оны таратуға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың нысандарына және Қазақстан заңдарымен рұқсат етілген бейбіт жиналыстарға өз еркімен қатысуға құқығы бар. Бұл заң да ҚР Конституциясына негізделеді және бала құқықтарын қорғау саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерінен құралған. 4-бап бойынша, баланың тегіне, нәсіліне және қай ұлтқа жататындығына, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына, балаға және ата-анасына немесе басқа заңды өкілдеріне қатысты өзге де мән-жайларға қарамастан, барлық бала тең құқыққа ие.

11 наурыздағы Талдықорған қаласында болған оқиға бойынша, қоғам нақты жағдайға көз жеткізбей, бірден мұғалімді қолдады. Алайда бұл бейнематериалдың үзіндісі баланың кінәлі екендігін білдірмейді. Бұл жағдайға дейін және кейін не болғандығынан ешкімнің хабары жоқ. Осы тұста, заң бөлімінің сарапшысы ретінде, аналитикалық көзқарасым: оқиға бойынша іс қозғалғанда, ең бірінші комиссия құрылып, зерттеу жүргізіліп, содан кейін қорытынды шығару керек еді. Егер бала себепсіз ашу көрсеткен болса, заң тұрғысынан жауапкершілікке тартуға болады. Комиссия құрамында барлық сала мамандары болуы шарт. Мәселен, психолог, психотерапевт, Білім министрлігінің қызметкерлері (Алматыдан емес, өзге облыстан болғаны абзал), заңгер, өзге мектеп басшысы, қамқоршылық және қорғаншылық орган қызметкерлері (отбасы жағдайын да қадағалау керек) және т.б.

Егер бұл іс толық қаралмаса, кейін де қайталануы мүмкін. Осы уақытқа дейін бұл оқиғаның неден туындағаны айтылмады. Ал ол сұрақтың жауабы – өте маңызды ақпарат. Өзіңіз айтқандай, бала жайлы ақпаратты өзі мен ата-анасының келісімінсіз жариялауға ешқандай рұқсат жоқ.

Оқиға барысында баланы ашуға итермелеген бір дүниенің бар екені рас. Дегенмен, бұл мәселенің толық қарастырылып, зерттелмеуі үлкен кедергі болып тұр.

– Сіз құқық қорғаушы ретінде қай тарапты қолдайсыз?

– ҚР Конституциясына сәйкес, әрбір азаматтың құқығы мен бостандығы тең. Менің ойымша, бұл жағдайда мұғалім де, оқушы да кінәлі. Таяқтың екі ұшы бар. Сондықтан тек бір тарапты қолдай алмаймыз. Баланы ашуландырған мұғалімнің де қателігі бар. Ал мен маман емес, ана ретінде оқушының жағдайына үңілсем, бірінші, үйдегі тұрмыстық мәселелер балаға тікелей әсер етеді. Екінші – тәрбие. Яғни, әке мен ана арасындағы қарым-қатынасты ол мұғаліміне көрсеткен болуы керек. Үшінші – әлеуметтік желі. Бұл категория үлкен маңызға ие. Мектепте психология, заң салаларына қосымша сабақтар өтілмейді. Тіпті, психолог оқушылармен толыққанды жұмыс атқарады деп айта алмаймын. Ал ашуға берілген баланың отбасында үлкен мәселе болуы мүмкін ғой. Ешкім ешқандай зерттеу, сараптама жүргізбей, баланы жауапкершілікке тартып, ата-анасына айыппұл салды. Ал оқушы дауыс көтеру арқылы, бір дүниені білдіргісі келген шығар. Әрине, оның ашуланып, ұстазына балағат сөз айтып, айғайлауына құқығы жоқ. Бірақ, біз мәселені толыққанды зерттемедік. Баланың қалыптасуына тек ата-ана, мұғалімнің ғана емес, әлеуметтік желінің де әсері бар. Тик-ток, инстаграмды «әлеуметтік сығандар» деп айтамын. Өйткені, онда өзінің білімі толыққанды болмай-ақ, ақыл айтатындар көп. Соның ішінде, «Саған ешкім дауыс көтере алмайды. Олардың құқығы жоқ. Өзіңді ренжітуге жол берме» дейтін пікірлер бар. Сондай ойды бала санасына ендіріп жатқан әлеуметтік желілер деп айта аламын. Негізінде, көпшілік ортада артық қылық көрсету дұрыс емес.

– Осы оқиға жайында қорытынды пікіріңізді білдірсеңіз.

– Ең алдымен айтарым, комиссия құрылып, бұл мәселені толық зерттеу қажет. Бұл жағдайды жай жауып қоюға болмайды. Зерттеу үшін: баламен және мұғаліммен сұхбат жүргізіп, көзбен көріп, құлақпен естіген оқушылардан анонимді түрде жазбаша жауап алу керек. Комиссия зерттеуді аяқтап, барлық сұраққа жауап табылғанда ғана заң жүзінде іс-әрекет жасау қажет.

Жалпы, бұл әлі күрмеуі шешілмеген мәселе.

P.S Бұл келеңсіздік жайлы Білім және ғылым министрлігі де жауап берді. Олардың айтуынша: «Талдықорған қаласы, №4 орта мектептің оқушысы ата-анасының қадағалауында. Жағдай орын алғаннан кейін оқушымен және ата-анасымен облыстық білім басқармасы, білім бөлімі және үкіметтік емес ұйым өкілдері тарапынан кездесу ұйымдастырылып, әңгімелесу жүргізілді».

Сұхбаттарға назар аударсақ, мәселенің дұрыс шешім таппағанын, әлі де толыққанды зерттеу жүргізілу тиіс екенін аңғарамыз. Мамандар тарапынан айтылған ұсыныс жауапсыз қалмаса екен..

Жібек ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №45 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31